



ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ БЕРІК БАЙЛАНЫС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Татарстан Раисы Рустам Миннихановты қабылдады.



Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, аграрлық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстанмен арадағы экономикалық ықпалдастық ауқымы бойынша Татарстан Ресей өңірлері арасында жетекші орынға ие екенін атап өтті.

— Қазақстан мен Татарстанның ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді және Ресей Федерациясымен көпжақты қарым-қатынасымызда маңызды рөл атқарады деп айтуға толықтай негіз бар. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстан мен Татарстан арасындағы тауар айналымы 22,5 пайызға өсіп, 597 миллион доллардан асты. Машина жасау саласында «Татнефть», «КАМАЗ» компанияларының қатысуымен ірі жобалар табысты жүзеге асырылып жатыр. Бұдан да бөлек жобалар бар, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Рустам Минниханов Қазақстан мен Татарстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселесіне назар аударды.

— Құрметті Президент, кездесуге уақыт бөліп, бірлескен жобалар туралы баяндауға мүмкіндік бергеніңіз үшін Сізге алғыс айтамын. Сондай-ақ бүгінгі «Иннопром» көрмесі үшін ризашылығымды білдіремін. Дайындық өте жақсы жүргізілген әрі жоғары деңгейде өтіп жатыр. Біз 100-ден астам адамнан және 38 компаниядан тұратын үлкен делегацияны ала келдік. Біздің міндетіміз — ірі бизнесті таныстырып, сауда-экономикалық байланыстарды нығайту ғана емес, сонымен қатар шағын және орта кәсіпорындарымыздың Сіздің еліңізбен белсенді жұмыс істеуіне септігімізді тигізу, — деді Татарстан Раисы.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресейдің Өңіраралық форумы өзара ынтымақтастық үшін онтайлы алаңға айналғанын атап өтті. Был қараша айында Қостанайда өтетін Форумның тақырыбы ауыл шаруашылығына арналмақ. Президент ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу ісіндегі мол тәжірибе мен осы саладағы серіктестік әлеуетінің зор екенін ескере отырып, Татарстан кәсіпкерлері бұл бағытқа қызығушылық танытатынына сенім білдірді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЗОР ҰЙЫМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей, Беларусь және Қырғызстан үкіметтерінің басшыларымен кездесті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей, Беларусь және Қырғызстан үкіметтерінің басшыларына ілтипат білдіре отырып, қазақ жерінде тұңғыш рет өткізіліп жатқан халықаралық «Иннопром. Қазақстан» өнеркәсіп көрмесіне қолдау көрсеткені үшін оларға ризашылық білдірді.

— Сіздердің арнайы келгендеріңіз көрменің мәртебесін арттырғаны сөзсіз және тығыз сауда-экономикалық қатынастарымызды тағы бір рет дәлелдеді. Бүгінде аталған іс-шара тұрақты іскерлік алаңға айналып келеді. Бұл — қуанышты жаңа. Көрме аясында әлеуетті серіктестер мен инвесторлар елдеріміздің индустриялық секторының жетістіктерімен жақы-

нырақ танысады, сондай-ақ өзара тиімді жобаларды іске асыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, өнеркәсіп, энергетика, машина жасау, ауыл шаруашылығы және экономиканың басқа да салаларында бірлескен кәсіпорындар мен ірі жобалар саны артып келеді. Бұл Одаққа мүше елдердің сыртқы сауда көлемінің үздіксіз ұлғайып, биылғы бірінші жартыжылдықта 13 пайызға жеткенінен байқалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасында сауда, инвестиция және өнеркәсіп салалары бойынша қарым-қатынас қарқынды жоғары екенін айтты.

— Ресей компаниялары Қазақстанға тұрақты түрде инвестиция салып отырған бес негізгі елдің қатарына кіреді. Бүгінде Ресеймен бірлесіп, жалпы сомасы 16,5 миллиард доллар болатын 40 ірі жобаны

жүзеге асырып жатырмыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Беларусьпен арадағы қарым-қатынас туралы айта келе, ауыл шаруашылығы техникасын шығару және машина жасау салаларындағы тәжірибені оң бағалады. Бұл бағыттағы жобалардың жалпы құны — шамамен 180 миллион доллар.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті Қырғыз Республикасымен арадағы байланыстарымыздың тұрақты дамып келе жатқанына, өзара сауда-саттық қарқынды жоғары екеніне назар аударды.

— Жеті айда екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 13 пайызға өсті. Қазақ-қырғыз шекарасында Индустриялық сауда-логистикалық кешен салудың келешегі зор, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

«КІТАП-АМАНАТ» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ



«Кітап-АМАНАТ» жобасы отандық әдебиетке деген қызығушылықты арттыруға, адамдарды оқуға ынталандыруға, қазақстандық авторлар мен кітап шығарушыларды қолдауға бағытталған. Жуырда партияның Алматы қалалық филиалында жобаның тұсаукесері өтті.

3»

1111 ШЫМКЕНТТІК ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАП ЖҮР



6
БЕТ

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ: ҚОРЖЫНЫМЫЗДА – 1 КҮМІС, 3 ҚОЛА



8
БЕТ

Нұртай СӘБИЛЬЯНОВ, Мәжіліс депутаты,
«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі:

БАНКТІҢ ЕМЕС, МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕСІ МАҢЫЗДЫ

Биылғы Жолдаудың бұған дейінгілерден бір айырмашылығы – нақтылығы деуге болады. Бұл жолы ол нақты экономикалық блокқа арналды. Сондай-ақ мұнда Президентіміз оның орындалу мерзімін тура 3 жыл етіп белгіледі. Осы ретте Парламент Мәжіліс депутаты, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Нұртай Сәбиляновпен ел дамуының кезекті межесіне қатысты сұхбаттасқан едік.

4»

ИНТЕРНЕТТЕГІ ДЕРБЕС ДЕРЕК – АЛАЯҚТАР ЖЕМІ



Қазақстандықтардың жеке басына қатысты құпия мәліметтерді тегін тарататын ресейлік Telegram-арна елді дүрліктерді. Қызыққумар жұрт ол арқылы, мысалы бұрынғы Мәдениет министрі Ораловтың, депутат Аймағамбетовтің, Цифрлық даму министрі Мусиннің, биліктегі өзге биік лауазымды тұлғалардың сыртқа шығарғысы келмейтін қаншама сырын біліп, әлеуметтік желіде жариялап жатыр. Бұл Қазақстанда дербес деректердің қорғалуына қатысты жағдай еш сын көтермейтінін паш етті. Сорақысы сол – боттарға мемлекет тоқтау салып, қарсы қауқар таныта алмайтын болып шықты.

(Жалғасы 5-бетте)



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЗОР ҰЙЫМ

(Басы 1-бетте)

Президент үкіметтер басшыларына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер ынтымақтастығы айтарлықтай нығайту үшін мол әлеуетке ие, сондықтан оны ілгерілету мақсатында барлық мүмкіндікті белсенді пайдаланған жөн деп пікір білдірді.

— Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниетті. Бұл Одақ өте перспективті интеграциялық ұйым деп санаймыз. Одақтың экономикалық әлеуетінің мүмкіндіктері зор. Қазақстан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің бәрі осы жерде 2015 жылы қол қойылған шартты қатаң сақтап, тек экономикалық интеграция, сауда-саттықты дамыту, өзара тауар алмасу бағытында ғана елдеріміздің нарығын ашу мәселелерімен айналысуға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Мемлекет басшысы сауда-экономикалық кооперацияның тиімділігі көлік-транзит әлеуетін ашудың тікелей байланысты, сондықтан көлік қаты-

настарының мүмкіндіктерін дәйекті түрде дамыту керек деп санайды. Президент Иранға, Парсы шығанағына және Үндістанға шығуға мүмкіндік

беретін Солтүстік — Оңтүстік транзит дәлізінің, Қазакстан — Түрікменстан — Иран теміржолының, Батыс Еуропа — Батыс Қытай бағытының мүмкіндіктері

жөнінде айтты. Сонымен қатар Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің әлеуетіне баса мән берді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің өнеркәсіп саласындағы ықпалдастығын дамыту маңызды екеніне тоқталды. Сондай-ақ биыл мамыр айында өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысында өнеркәсіп жобаларын жүзеге асыру кезінде кооперацияға қаржылай көмек көрсету туралы құжатқа қол қойылғанын еске салды. Президенттің айтуынша, бұл механизм бірлескен жана өндіріс орындарын ашуға тын серпін береді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев көрмені ұйымдастыруға белсенді атсалысқаны үшін үкіметтер басшыларына тағы да алғыс айтты. Сондай-ақ олардың жұмысына табыс, ал елдеріміздің игілігіне қызмет ететін жана бірлескен жобалардың көбеюіне тілестік білдірді.



БРАЗИЛИЯ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІНІҢ ДЕПУТАТТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Бразилия Федеративтік Республикасы Ұлттық конгресі Сенаты депутаттарының делегациясымен — «Бразилия-Қазақстан» достық тобының мүшелерімен кездесті. Кездесу барысында тараптар парламентарлық қарым-қатынасты одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

Палата Спикері меймандарға ілтипат білдіріп, Бразилия еліміздің Оңтүстік Америкадағы негізгі серіктестерінің бірі екенін атап өтті және екі мемлекеттің көпжоспарлы ынтымақтастығының маңызына назар аударды.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы қос ел арасындағы өзара қарым-қатынастың басым бағыттарының бірі парламентарлық байланыс екенін айтты. Бүгінде аталған байланысты дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елдеріміз арасындағы достық пен өзара тиімді қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға баса мән беріп келеді. Келешегі зор экономикалық байланысымыз белсенді саяси ынтымақтастықты нығайта түсетіні анық. Қазақстан Парламентінің екі Палатасында да Бразилиямен достық тобы құрылған. Мұндай қадам біздің екіжақты қарым-қатынасымызға тын серпін беретіні сөзсіз. Сенат өз тарапынан

елдеріміз арасындағы байланысты әрі қарай нығайтып, дамытуға белсенді ықпал етуге дайын», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқылады. Бұл ретте екі елдің инвестициялық ахуалы ескеріле отырып, бірлескен жобаларды іске асыруға арналған ұсыныстар айтылды.

Сенат Төрағасы Салық кодексіне енгізілген өзгерістерді, Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан және Жолдауда баяндалған маңызды реформаларды тілге тиек етті.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев орнықты даму мәселелеріне және Орнықты даму мақсаттарының іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі парламентарлық комиссияның қызметіне жеке тоқталды.

Өз кезегінде Бразилия Ұлттық конгресінің депутаттары Анджело Марио Коронель де Азеведо Мартинс пен Чико Родригес көпжақты қарым-қатынастарды дамытуға мүдделі екендерін білдіріп, Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси өзгерістердің тиімділігіне назар аударды.

Айта кетейік, Қазақстанға сапар аясында Бразилия депутаттары сенаторлармен достық тобының 2-отырысына қатысып, «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының және Алматы облысындағы басқа да нысандардың жұмысымен танысты.



ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Вьетнам Ұлттық ассамблеясы төрағасының орынбасары Нгуен Хак Диньді қабылдады. Вьетнам Парламентінің делегациясы екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылау үшін Қазақстанға арнайы келді.

Отырысты ашқан Ерлан Қошанов былтыр Қазақстан мен Вьетнам арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 30 жыл толғанын атап өтті. Осы жылдар ішінде белсенді саяси диалог жолға қойылып, елдер арасындағы жан-жақты ынтымақтастықтың берік іргетасы қаланды.

— Сіз Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Вьетнамға ресми сапарынан бір ай өткен соң келіп отырсыз. Бұл елдеріміз арасындағы өзара түсіністік пен сенімнің жоғары деңгейін көрсетіп отыр. Бүгін бізде мемлекет басшыларының келісімдеріне сәйкес Парламенттер арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарын талқылауға тамаша мүмкіндік бар, — деді Е.Қошанов.

Кездесу барысында тараптар 2015 жылдан бері белсенді дамып келе жатқан парламентарлық байланысты пысықтады. Бүгінде Мәжілісте 12 депутаттан тұратын Вьетнам Социалистік Республикасымен достық тобы бар. Оған Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспан жетекшілік етеді. Қазақстан тарапы осындай достық топтары, тиісті комитеттер арқылы көпжақты платформаларда бірлесіп жұмыс істеуге және заңнама

саласында тәжірибе алмасуға дайын екендіктерін білдірді.

Мәжіліс Спикері Қазақстандағы саяси-экономикалық реформалар мен Президенттің жуырдағы Жолдауынан хабарлар етіп, оның басты мақсаты — жана экономикалық модель құру екенін айтты.

— Бұл қадам өңдеу саласын, банк секторын, жасанды интеллектті дамытуға және инвестиция тартуды көздейді. Осы тұрғыда біз вьетнамдық әріптестермен бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін диалогқа ашықпыз, — деді Мәжіліс төрағасы.

Нгуен Хак Динь өз кезегінде Вьетнам Орталық Азиядағы ең ірі серіктес ретінде Қазақстанмен сауда және өндіріс әлеуетін арттыруға мүдделі екенін айтты. Тараптар инвестиция бойынша екіжақты келісімдерді жанарту, логистикалық дәліздерді кеңейту, бірлескен өндірістерді дамыту мақсатындағы өзара тиімді әріптестік қарым-қатынасты дамытуға кәсіпкерлер мен бизнесмендердің қолдауына шақырды.

Депутаттар жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транзиттік дәліздер салаларындағы еларалық жобалардың әлеуеті зор екеніне назар аударды. Мәжіліс Спикері Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы континенттік бағыттардың 80 пайызға жуығын қамтамасыз ететініне, ал 2019 жылы іске қосылған Вьетнам-Қытай-Қазақстан теміржол бағыты екі ел арасындағы жүктерді жеткізуге жақсы мүмкіндік беретініне тоқталды.

Тараптар туризм, мәдени-гуманитарлық байланыс пен елдер арасындағы әуе қатынасы саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктерін де талқылады.



БІР ЕЛ — БІР МЕКТЕП

ұрпақтан адал азамат, бірлігі бекем қоғамды құрушы өсіп шығады.

Кез келген қиындықты еңсеретін ұл-қыздар ғана мемлекеттің өркендеу-дамуына ықпал етсе аласың. Әлемде озық елдердің көрсеткен үлгісі осыны аңғартады.

Біздегі ахуал қандай?

Сана-сезім, яғни менталдық деңгейіміз өзгешелікті, әлеуметтік деңгейіміз теңсіздікті, тілдегі қайшылықты былай қойғанда, сауат ашып, жалпыға бірдей білім беретін мектептердің түрі мен мазмұны жылдан-жылға бір-бірінен алшақтап бара жатыр. Ауыл мен қала мектебінің айырмашылығын жою жұмыстары бұрыннан басталғанын білеміз. Бірақ ол бүгінде түсініксіз үдерісте. Қазір қала мектептерінің өзі сан қилы. Оқушылардың киім үлгісі былай тұрсын, оқу бағдарламасына, пән мен тәлім-тәрбие әдістемесіне қатысты ала-құлалықты педагогтардың өздері әлеуметтік желіде айтып жүр.

Әрине, бәрине ортақ міндеттелген бағдарлама бар. Алайда білім мекемелерінің міндеті — оны шығармашылықпен жүзеге асыру емес пе?

Мысалы, қазір адамзат инженерлік ойынның бастауы «Сызу» пәні мектепте оқытылмайтынын,

ал соның университеттегі жалғасы (техникалық мамандықтарда) — «Сызу геометриясы» міндетті курс қатарынан шығып қалғанын білесіздер ме?

Немесе мектеп жүйесінде де, университеттерде де «Қазақ әдебиеті» мен «Қазақ тілі» пәнінің классикалық бағыттары, бөлімдері жеке-дара өтпей, табиғаты бұдан, дүбара дүниеге айналғанын мамандар талай рет көтерді. Бірақ нәтиже жоқ. Таяуда бір ата-ана 25 жылдай бұрын өзі оқыған «Қазақ әдебиеті» оқулығы мен бүгін баласы оқып жатқан оқулықты салыстырып көрсетті. Бүгінгі 7-8 сынып материалы бастауыш мектеп деңгейіндегі-ақ болып тұр. Классиктерден біреу де жоқ, жай ғана танымдық нәрселер...

Бүгінде жекелеген мектептер өз бетінше факультатив ретінде түрлі қосымша сабақтар жүргізеді. Оның үстіне, тереңдетіп оқыту, бейінділікке байланыстыру т.б. түрлі желеумен жүргізілетін репетиторлық оқуында сапасын тексеру, бақылау іс жүзінде мүмкін де емес. Жалақыны ғана ойлаған жекелеген мұғалімдердің білігі сын көтермейді.

Жалпы, мектеп үшін түлегінің білімі, тәрбиесі ең басты көрсеткіш болуы керек. Өкінішке қарай, бүгінгі мектеп талабында мұғалім-

нің ұстаздық яғни әдістемелік біліктілігі емес, қилы сертификат сұрайтын формализм ала шыққан. Мұғалім түрлі қисынды-қисынсыз курстардың соңында жүрсе (сертификат үшін), мектепте үзіліссіз тәрбиені кім жүргізеді? Бұған осыдан шамалы уақыт бұрын мемлекеттің малын шашпаққа құрылған ағылшын тілі курсының мысалға алсақ та жеткілікті. Қайда соның нәтижесі?..

Енді ХХ ғасырдың 60-70 жылдарындағы қазақтың қалың интеллигенциясын оқытқан мектеп мұғалімдерін еске алыңыздар. Соның көбі майдангерлер еді. Санаға шегелеп түсіндіретін, тәртіпті де мықтап бойға сіңіретін. Енді салыстырыңыз: солар курс-курс, сертификат-сертификат деп формальды қағаз жинап жүрсе, қалай болар еді? Олар өздері бас болып еңбекпен тәрбиеленудің де үлгісін көрсетті...

Егер бала мектепке қағаздан мны ашыған, әртүрлі тренингтен санасына ештеңе қоспаған мұғалімді көрсе, отансүйгіш, ғылым сүйгіш болып шыға ма?

Оның үстіне, баланың бірі НЗМ (НИШ), бірі «Дарын», бірі БИЛ, бірі — лицей, бірі — гимназия, бірі жай мектеп боп кете беретін ала-

құла мәртебелі орта білім жүйесінде оқыса, біз қалайша қолжетімді оқу орнын, әділетті қоғамды, мықты мемлекетті құрамыз? Кайтпй біртұтас ел боламыз?

Әртүрлі мектеп әртүрлі орта қалыптастырады. Психологиясы, болмысы, сана-сезімі түрліше орныққан жастарды бір қоғамға біріктіру оңайға түспейді.

Әрине, білім туралы заң мен заңдық құжаттарда орта білімнің түрлі формасы енгенін де білеміз. Сондай-ақ оқушыларға берілетін пәндер де белгілі бір жүйеге бағындырылатынын түсінеміз. Дегенмен осы мәселеде ұлттық және өркениеттік мазмұн салмақты болуға тиіс.

Сонымен бірге мемлекеттік сектордағы жекеменшіктегі, казак, орыс, аралас, түрлі этностық, желілік, интеллектуалдық, мамандандырылған, тереңдетіп оқытатын, дарынды балалар мектептері мен лицейлері үшін жалғыз — бірыңғай бағдарлама жасалғаны жөн деп ойлаймыз. Сонда ғана мектеп айырмашылығы жойылып, білім алушыларды алауа, қолжетімділікке жасанды тосқауыл қою болмайды. Нарық жағдайында осының өзінен жақсы нәтиже көрсе-

тетін мектептер шығатыны сөзсіз. Мектеп желілерін дамыту әлеуметті жікке бөлуге емес, халықты ортақ міндетті орындауға біріктіріп, жақсылыққа жұмылдырады деп ойлаймыз. «БІР ЕЛ — БІР МЕКТЕП» қағидасының мәні — осы. Әлемдегі дамыған, өркениетті елдердің тәжірибесі бұған дәлел бола алады.

Әділетті Қазақстанда, біртұтас, тату елімізде мектеп тапшылығын кешенді түрде шешу жолында ұлттық жоба қолға алынып жатыр. Ол «Жайлы мектеп» деп аталады. Дәлірек айтсақ, елімізде 2023—2025 жылдары жана үлгідегі 369 мектеп салынады. 738 мың орын ұсынатын білім ордаларында оқушыға толық жағдай жасалынады. Әрине, қоғамды оқытатын үй-жаймен, оқыту құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету — мемлекетіміздің шынайы қамқорлығы, үлкен көмегі. Ал мектептің мазмұны, әдістемесі, оқу-тәрбие ісі — одан да маңызды міндет деп білеміз. Өйткені Отанымызға әлемдік бәсекеге қабілетті, білімді, ынтымағы мен бірлігі мықты азаматтар керек. Бұл барша халқымыздың мүддесіне сай келеді.

Дархан МЫНБАЙ

«КІТАП-АМАНАТ» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ



«Кітап-АМАНАТ» жобасы отандық әдебиетке деген қызығушылықты арттыруға, адамдарды оқуға ынталандыруға, қазақстандық авторлар мен кітап шығарушыларды қолдауға бағытталған. Жуырда партияның Алматы қалалық филиалында жобаның тұсаукесері өтті.

Іс-шараға қатысқан Парламент Мәжілісінің Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов кітап адам өмірінде айрықша орын алатынын атап өтіп, жаңа жобаның ерекшелігіне тоқталды.

«Мемлекет басшысы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне, ұлттық мүддеге сай келетін кітаптар басып шығаруға ерекше назар аударды. Ол кітап шығару ісі идеологиялық жұмыстың басты бағыттарының бірі екенін атап өтті. «АМАНАТ» партиясы Президенттің осы бастамаларын жүзеге асыру үшін барлық өңірлік филиалда «Кітап-АМАНАТ» кітап дүкендерін ашады. Ол тек кітап сататын орын ғана емес, сонымен қатар назғыз мәдени-ағарту орталығы болады», — деді Ерлан Қошанов.

Мәселен, «Кітап-АМАНАТ» дүкендерінде отандық жазушылардың, авторлардың, баспагерлердің қатысуымен түрлі іс-шаралар, жаңа кітаптардың тұсаукесері мен талқылаулары өтеді және тағы басқа. Жоба Қазақстандағы қазіргі заман авторларының шығармаларын ғана емес, жалпы отандық әдебиетімізді ілгерілетуді көздейді.



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ: АРЫСТЫҚТАР МӘСЕЛЕСІН ЖЕТКІЗДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың шалғай ауылдардың тұрғындарымен кездесулер өткізу туралы тапсырмасына сәйкес «АМАНАТ» партиясының Түркістан облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлімі Арыс қаласының Ақдала және Монтатас елді мекенінде мобильді қабылдау ұйымдастырды.

Назгүл НАЗАРБЕК

«АМАНАТ» партиясы жанындағы Қоғамдық қабылдау бөлімдерінің басты бағыты жекелеген азаматтардың өтініштерін атқарушы билік өкілдеріндегі тиісті сала басшылары арқылы шешімін табуына көмектесу болып табылады. Сондықтан партияның Түркістан облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлімі шалғай ауылдардағы тұрғындардың өтініш-тілегіне барынша толық жауап беру үшін көшпелі мобильдік топ құрып, елді мекендерге жолға шықты.

Мобильдік топты «АМАНАТ» партиясының Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты, фракция жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев бастап барды. Сонымен бірге, Арыс қаласынан сайланған депутат Ержан Қосмамбетов және облыстық прокуратура, облыстық полиция, облыстық төтенше жағдайлар департаменті,

жер ресурстарын басқару және әділет департаменті, жер қатынастары, ауыл шаруашылығы, жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар



«Соңғы уақытта ғылыми және білім беру мазмұнындағы көп әдебиет қазақ тіліне аударылды. Бұл кітаптардың сапасы да, мазмұны да жақсы. Алайда таралымы аз болған соң, оқырманның бөріне бірдей жете бермейді. «Кітап-АМАНАТ» жобасы осы олқылықтың орнын толтырады. Осылайша, біз жазушылар мен баспагерлерге қолдау көрсетеміз, отандастарымызды кітап оқуға ынталандырамыз деуге болады», — деп атап өтті Ерлан Қошанов.

«Кітап-АМАНАТ» жобасы аясында «АМАНАТ» партиясы мен Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат аясында баспаханалар дүкендерді қолжетімді бағадағы тиісті кітап қорымен қамтамасыз етеді. Оның арасында тек отандық әдеби туындылар ғана емес, сонымен қатар әлемдік бестселлерлер де болады.

Іс-шара барысында партия Төрағасы жас оқырмандармен әңгімелесті. Сондай-ақ кездесуге белгілі қазақстандық авторлар мен баспагерлер: Әділ Қойтанов, Шыңғыс Мұқан, Раиса Қадыр, Алмас Сақбаев, Бақытжан Бұхарбай және тағы басқалар қатысты.

ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ ИГІЛІГІН ӨСКЕЛЕН ҰРПАҚ КӨРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жолдарында елдегі әрбір отбасы ұлттық байлықтың игілігін көруі қажет екенін айтты. «Сондықтан мен жариялаған балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын. Бұл қаражат өскелең ұрпаққа ұлкен өмірге қадам басына мүмкіндік береді. Қор шын мәнінде ұлттық мәртебеге ие болады және халықымыздың игілігіне қызмет етеді. Жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосуды тапсырамын», — деді Президент. Ендігі жерде Ұлттық қордағы инвестициялық табыстың тең жартысы балалардың есепшотына түсіп отырады. Келешек ұрпақ үшін қолға алынуы тиіс маңызды жобаның іске асуына «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары мұрындық болып отыр. Сол себепті «Ұлттық қор – балаларға» жобасының игілігі туралы өздерінен сұрағанды жөн көрдік.



Берік БЕЙСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты:

— Заң жобасына өзім жетекшілік еттім. Құжатты комитет отырысында егжей-тегжейлі қарап, қорытындысымен тапсырдым.

Мәжіліс депутаттары бір дауыспен қолдап, бекітті. Бұл құжат балалардың болашағы үшін бүгіннен кешіктірмей қабылдануы қажет. Өйткені Президенттің бастамасымен жүзеге асып отырған заң жобасының артықшылығы көп.

Өздеріңіз білесіздер, Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға төлем жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екінші оқылымда мақұлданды. Парламент депутаттары бастамашы болған құжат Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске қосу қажеттілігі туралы бытырғы тапсырмасын іске асыру мақсатында әзірледі.

Оның мақсаты — елдегі барлық бала көмекке толған кезде Ұлттық қордан өзіне тиесілі үлесін алуға мүмкіндік беру. Яғни қордың инвестициялық табысынан қалыптастырылған жинақтар есебінен еліміздің аумағында тұрғын үй сатып алуға, үй жағдайын жақсартуға, Қазақстанда немесе шетелдік оқу орындарында білім алуға қолдау көрсетуге бағытталған. Жиналған қаражатты қандай мақсатқа жұмсайтынын бала 18-ге толған кезде өзі шешеді. Көріп отырғандай, жобаның негізгі мақсаты сол, барлық балаларға тең қозғарас қамтамасыз етіледі. Баланың жарық дүниеге келген күнінен бастап немесе осы елдің азаматтығын алған күннен бастап 18 жасқа толғанға дейін нысаналы жинақтау шотына тең сома аударылады. Сонда Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысынан қалыптасқан қаражаттың 50 пайызы аударылатын болады.

Жобаның операторы ретінде әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша көпжылдық тәжірибесі бар екені ескеріле отырып, Бірінші жинақтаушы зейнетақы қорын айқындадық. Ал зейнетақы қоры аударатын нысаналы жинақтау төлемдерін есептеу үшін банктік шоттар ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті операторлар болып екінші деңгейдегі банктер мен «Қазпошта» акционерлік қоғамы таңдалып отыр. Бұл ретте Бірінші жинақтаушы зейнетақы қорына ақпараттық жүйеде қатысушылардың талаптарын есепке алу, жинақтау шоттарын ашу және оларда мақсатты жинақтарды тіркеу мен есеп жүргізу, жинақтарды төлеу сияқты функциялар беріледі. Сондай-ақ зейнетақы қорына интернет-ресурс және электрондық үкімет веб-порталының жеке кабинеті арқылы талаптар мен жинақтардың сомасы туралы мәліметтерді азаматтарға ұсынуы міндеттеп отыр. Осы арқылы балаларға бөлінетін қаражатты бақылауға мүмкіндік туады. Екіншіде, барлық шоттар мен жинақталған қаражат әр бала үшін жеке болады. Қаражатты пайдаланудың кейбір тетіктеріне ақшаны туыстарымен бірігіп жұмсау қарастырылады. Яғни «Отбасы Банкінің» тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің отбасылық депозиттерінің қолданыстағы тетігі шеңберінде қаражатты мақсатты пайдалану жағдайында ғана ақшаны туыстармен біріктіріп жұмсауға болады.

Бұдан бөлек, қаражат АҚШ долларымен жинақталады. Бұл шоттарға тыйым салуға, олардан қаражат өндіріп алуға және шектеулерді басқа түрлерін қолдануға болмайды, оларға салық салынбайды. Сондай-ақ арнайы қаражатты мерзімінен бұрын алуға да болмайды. Егер азамат 10 жылдың ішінде ақшаны нысаналы мақсаттарға жұмсамаса, онда ол қаржы сол азаматтың зейнетақы шотына аударылады. Азамат қайтыс болған жағдайда жинақталған қаражатты алу құқығы оның мұрагерлеріне өтеді. Бала қаражатты қолдануға қабілетсіз болса, ата-анасына немесе қамқоршыларына заңнамада белгіленген тәртіппен пайдалану құқығын беру қарастырылған. Ал бала азаматтығынан айырылса немесе ауыстырған кезде төлемдерге талап қою құқығы жойылады.

Сонымен бірге заңның жобасына сәйкес, бала Қазақстан азаматтығын туғаны-

нан емес, жүре келе алса, онда азамат атанған жылдардағы уақытына төленеді. Бұл қалай? Мәселен, 10 жасында азаматтық алды делік, онда ол балаға сәйкесінше 8 жыл қордан ақша төленеді. Демек, азаматтығы жоқ балаларға Ұлттық қордан төлем төленбейді. Олар бұл бағдарламадан тыс қалады. Өйткені бұл бағдарлама Қазақстан азаматтығы бар балаларға ғана арналған. Қаражат олардың әлеуметтік және мүлкілік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, дініне қарамастан, барлығына тең бөлінеді.



Үнзила ШАПАҚ,
Мәжіліс депутаты:

— Қазір қоғамда бала он сегіз жасқа дейін қанша қаражат жинайды деген сұрақтар қойылып жүр. Енгізілгені отырған

бағдарлама Ұлттық қордағы жинақтаушы жинақтарды пайдаланудағы алғашқы тәжірибе болатындығын, сондай-ақ Ұлттық қордың инвестициялық кірісі он немесе теріс бағытта құбылмалылыққа ұшырайтынын ескере отырып, жылдық төлемдерді есептеу үшін Ұлттық қордың 18 жылдағы орташа жылдық кірісін пайдалану ұсынылып отыр. Бұл қысқамерзімді құбылмалылықтың үзакмерзімді кірістерге әсерін азайту үшін қажет. Оған қоса, шотта жинақталған қаражат жұмыссыз жатпай, оған сыйақы есептелетінін атап өту керек. Яғни, қаражат көлемі инвестициялық кіріс мөлшеріне байланысты болады. Ол соманы дәл қазір нақты болжау мүмкін емес. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы жеті жылда Ұлттық қордың активтерін 100 миллиард долларға дейін ұлғайтуды тапсырды.

Жалпы 2024 жылдан бастап іске қосылатын Президенттің тапсырмасы елімізде жүргізіліп жатқан әділетті Қазақстан құрудағы реформалар, оның ішінде өскелең ұрпақ келешегі үшін маңызды істердің бірі болмақ.

Биылғы инвестициялық табыстың 50%-ы дайын тұр. Президент «Мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жарлыққа қол қойғанын білесіздер. Яғни, «Ұлттық қор қаражатын пайдалану» тарауына қосымша тармақша енгізілді. Енді Заң жобасын Сенат мақұлдаса, Президентке жолданады. Құжат толық күшіне енген күннен бастап келесі жылдан бастап балалардың есеп шотына төлем түседі.

Балаларға бөлінген қаржыны екі мақсатқа ғана пайдалануға болады. Бірі — үй алуға, екіншісі — білім алуына жұмсалыды. Бірақ жиналған қаржыны көмекке толғаннан кейін ғана қолдана алады. Ең маңыздысы, қаражатты тек Қазақстан аумағында пайдалануға рұқсат етіледі.

Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы 18 жасқа дейін барлық жастағы балалар арасында теңдей бөлінеді. Инвестициялық табыстың жекелеген уәкілет аралықтарындағы ықтимал теріс мәндерін болдырмау мақсатында оның 18 жылдағы орташа жылдық мәні негізінде айқындалуы ұсынылды. Осы Заң жобасы шеңберінде 6 кодекспен 10 Заңға толықтырулар мен өзгертулер енгізілді. Оның ішінде, Ұлттық қор қаражатын балаларға есеп жүргізу мен төлемдерге пайдалану тетігі енгізілді. Өндіріп алуға және осы соманы басқа да ықтимал шектеулерге бермеу нормалары түзілді. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың құзыреттері нақтыланып, қаражатты мақсатты пайдалану анық көрсетілді.

Ерекше айтып кететіні, 18 жасқа толғаннан кейін шоттағы қаражат 10 жыл бойы сақталады. Көрсетілген кезеңде азамат тарапынан талап етілмеген жағдайда шоттағы қаражатты сол адамның зейнетақы шотына аудару ұсынылады. Жобаға қатысу үшін қандай да бір мемлекеттік органдың жүгінудің қажеті жоқ, есептеулер автоматты түрде жүзеге асырылады. Себебі, есепке алуды БЖЗК өзі жүргізеді. Маңыздысы, бұл қызмет үшін ешқандай салық салынбайды, комиссия ұсталынбайды. Сондықтан жобаның жақсы жағы жетерлік. Бұл дегеніңіз — Ұлттық қор тек аты ғана емес, толықтай ұлттық болады деген сөз.

Жадыра МҮСІПМ

Түркістан облысы



Нұртай СƏБИЛЬЯНОВ,
Мәжіліс депутаты:

БАНКТИҢ ЕМЕС, МЕМЛЕКЕТТИҢ МҮДДЕСІ МАҢЫЗДЫ

Биылғы Жолдаудың бұған дейінгілерден бір айырмашылығы – нақтылығы деуге болады. Бұл жолы ол нақты экономикалық блокқа арналды. Сондай-ақ мұнда Президенттің оның орындалу мерзімін тура 3 жыл етіп белгіледі. Осы ретте Парламент Мәжіліс депутаты, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұртай Сəбильяновпен ел дамуының кезекті межесіне қатысты сұхбаттасқан едік. Әңгіме қаржы-экономика саласы, банк жүйесі, аймақтарды дамыту, жаңадан құрылған Көлік министрлігі туралы өрбіді.

– Нұртай Салихұлы, еліміздің қаржы саласына, соның ішінде банктерге қатысты үлкен өзгерістер жасалғаны отыр. Оларды бөлшек сектордан корпоративті секторға тарту мәселесі бірінші кезекке шықпақ. Бұл экономиканы жандандыра түсуге септік ете ме?

– Президенттің халыққа арнаған жолдауында экономикада қордаланып қалған көптеген проблемалар көтерілді. Қаржы нарығына, ақша-несие жүйесіне қатысты кемшіліктер ашық айтылып, нақты тапсырмалар берілді. Бұл ретте бірінші кезекте банктерге, олардың қызметіне қатысты мәселелерді шешу қарастырылып отыр. Қазір елімізде екінші деңгейдегі 21 банк бар. Олардың қызметін реттейтін, қаржы саласына тиісті нормативтік актілерді шығаратын бізде Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Бұл жерде бірден назар аударатын жайт – банк жүйесіндегі бүгінгі мәселелер неден туындап отыр деген сұрақ. Өйткені Ұлттық банкпен Қаржы реттеу агенттігі қаржы нарығын дамытуға, банктерге қоятын талаптарды жетілдіруге онша назар аударған жоқ. Қадағалау болған жоқ. Банктер қаржылық жағдайы қиындаған кезде Үкіметке шығып, одан көмекке қаражат алып отырды. Ол қаражаттың тиімділігіне тексеру жүргізілмеді. Кезінде бұл мәселеге байланысты ұсынысымыз бірнеше рет ашық айтқанмын: «Банктерге мемлекеттен қолдау көрсетуді тоқтатуымыз керек» деп. Енді қазір, міне, осы банктердің қызметіне байланысты әртүрлі көптеген мәселелер туындауда. Бірінші мәселе, бұл банктердің несиесі беретін пайыздарына, жылдық сыйақысына байланысты болып отыр. Қазір банктер шағын және орта бизнесті, жалпы кәсіпкерлікті қаржыландыруға жылдық 22%-бен несиесі беріп жатыр. Осы 22%-дың 14%-ын мемлекет банктерге субсидиялау арқылы қайтарып беріп отыр. Бұл – қайтарымыз кетіп жатқан мемлекеттің қаражаты. Бұған жылына кем дегенде 250-350 миллиард теңге кетеді. Міне, осының қалай біз пайызын азайтамыз деген мәселе туындап отыр. Менің бұл тұрғыда мынадай ұсынысым бар. Банктерді қолдауға мемлекет қаражат бермеу керек. Мемлекеттен бөлініп жатқан қаражатты жинақтап, бізде Қазақстан Даму Банкі бар немесе «ҚазПошта» Ұлттық операторы бар, соларға орта және шағын бизнесті, ауылшаруашылығын қаржыландыру үшін беру керек. Осы екі мемлекеттік ұйымға мүмкіндік жасап, рұқсат беріп, лицензиялап, жанаша дамыту керек. Мәселен, «ҚазПошта» Акционерлік қоғамының бүкіл республика бойынша филиалдары бар, тіпті алыс аудан-ауылдарда бөлімшелері бар. Халыққа жақын деген сөз. Бұл тұрғыдан оның мүмкіндіктері тіптен көп болмақ. Ендеше, неге оның осы мүмкіндігін пайдаланбақ?! Қаржы операцияларын жүргізуге рұқсаты бар. Енді оны одан әрі дамытып, шағын несиесі беруге, кепілге жылжымайтын және де жылжытын мүліктер алуға және тағы да басқа операцияларға рұқсат беру керек.

– Сіздің ұсынысыңыз сонда «ҚазПошта» мен ҚДБ-ны отандық бизнесті, соның ішінде шағын және орта бизнесті дамытуға тарту ма?

– Иә, менің ұсынысым, Қазақстан Даму Банкіне реформа жасау керек. Қазір онда ірі-ірі бизнес субъектілерін қаржыландырады, яғни соларға несиесі береді және мемлекет тарапынан қолға алынып жатқан жобалар бар, соларды қаржыландырады. Біз осы банктің ашықтығын қамтамасыз етіп, берілген несиелердің тиімділігіне тексеру жүргізіп, егер анықталған кемшіліктері болса, оны жіберген адамдарды жауапқа тартып, ол банкке тек қана ірі кәсіпорындарды ғана емес,

шағын және орта бизнесті, ауыл шаруашылығын қаржыландыруға да мүмкіндік беру керек. Оның өңірлерде филиалдарын ашып, күзретін кеңейту қажет. Сонда мемлекет сол ҚДБ арқылы немесе «ҚазПошта» арқылы бұл мәселені өз қадағалауына алады. Егер осылай жасасақ, онда шағын және орта бизнеске жылдық мөлшерлемені 7%-дан асырмай несиесі беруге болады. Мұндай жағдайда екінші деңгейдегі банктер де пайызын түсіруге мәжбүр болады. Өйткені жана айттым ғой, 22%-дың 14%-ын мемлекет субсидиялап отыр деп. Бұл ақшаны мемлекет енді банкке емес, «ҚазПошта» немесе ҚДБ арқылы тікелей кәсіпкердің өзіне қайтармалы негізде, аз пайызбен несиесі ретінде беретін болады. Қаржы нарығында Банктерге бәсекелестік пайда болады.

Осы тұста мен сізге бір сәтті мысал келтіре кетейін. Қазіргі «Отбасы банк», бұрынғы «Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» құрылғандағы мақсат халықты жеңілдетілген несиесі беру арқылы, бағдарламалар арқылы баспанамен қамтамасыз ету болатын. Міне, осы мақсат орындалып жатыр, бұл банк ипотека сегментін алды. Басқа банктер бұл нарықтан шығып кетуге немесе үлесін азайтуға мәжбүр болды. Өйткені олар арзан пайыздық мөлшерлеменен ипотека бере алмайды. Сол сияқты отандық бизнесті қаржыландыруда да осындай қадамға баруымыз қажет. Бұл – бір.

Президент айтқан екінші тағы мәселе – екінші деңгейлі банктерден тұтынушы кредит алушылардың қатары жылдан жылға артып бара жатқандығы. Халық қарызға батып жатыр. Биылғы I қантардағы жағдай бойынша тұтынушы кредиттердің көлемі 7 триллион 7 миллиард теңгеге жеткен екен. Бұл банктердің шағын және орта бизнесті қаржыландырып отырған қаражатынан әлдеқайда көп. Сөз болып отырған кезеңде шағын және орта бизнесті қаржыландыру 6,4 триллион болған екен. Ал еліміздегі банктердің жалпы активі 44,5 триллион екенін ескерсек, бұл шағын және орта бизнесті 15% ғана қаржыландырып отыр деген сөз. Яғни банктер пайда табуды көздеп, экономиканы емес, тұтынушы кредит секторына ден қойған. Олар несиені өздері де береді және шағын қаржы ұйымдары арқылы да береді. Соңғысына ақшаның 25%-бен берсе, олар оны халыққа жылына 56%-ға дейін мөлшерлеменен таратып отыр. Бұл Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу агенттігінің бекіткен жылдық ставка мөлшерлемесі. Бұл ставканы төмендету керек.

Бірақ интернет арқылы онлайн кредит алатандар көп, оларға берілетін пайыз 1000-1500%-бен болып тұр. Оны қадағалап жатқан ешкім жоқ. Бұл азаматтардың әлеуметтік жағдайын қиындатуға, болашақта шиеленіскен наразылықтарды туындатуға алып келуі мүмкін. Сондықтан да онлайн кредит беруге елімізде тыйым салынуы керек. Осыны қолға алып, жұмыс істеуіміз керек. Орта және шағын бизнесті қаржыландыруда да, азаматтарға кредит беруде де жеңілдетілген несиесі жүйесін қалыптастыру керек.

Осы тұста, тоқтала кететін бір жайт – Ұлттық банк құрған «Проблемалық кредиттер қоры» туралы. Ол қор банктерден қайтар алмаған қарыздарын өзіне алды да, оларға мемлекеттен бөлінген ақшаны бере салды. Енді осы қордың мәселесі не болып жатыр? Осы уақытқа дейін банкті қолдауға кеткен триллиондаған ақшалар қайда? Міне, осы мәселені шешуіміз керек, қаражат қайтарылуы керек. Бұл тұста біз тек мемлекеттік мүддені көздеуіміз керек. Қайталап айтамын, банктердің мүддесін көздеуіміз керек, «Банктерге мемлекеттен қолдау көрсетуді тоқтатуымыз керек». Бұл үрдіс сонау 2009 жылдан

басталған, әлі де жалғасып келеді. Осы 15 жылда біз жыл сайын қайтарымыз кетіп жатқан 250-350 миллиард теңгені жинап, жеңілдетілген несиесі жүйесін жасаған кезде, ендігісі қаржы айналымына шығып, 6-7%-бен арзан несиесі беруді жолға қояр уақыт болып еді. Әлі де кеш емес. Ол үшін сөз басында айтқан Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттейтін және дамытатын агенттік осы бағытта жұмыс істегені жөн. Сонда біздің елде 21 емес, бәсекеге шыдас берген 6-7 ғана банк қалуы мүмкін. Ең бірінші кезекте ауыл шаруашылығы мен шағын және орта бизнесті жеңілдетілген несиесімен қаржыландыру маңызды. Егер осыған батыл көшсек, сонда ғана экономика жандана түспек. Олар күш алып кететін болса, өздерін өзі қаржыландырып, мемлекет техникаға лизинг берумен шектеліп, субсидия беруді тоқтатуға болады.

Сонымен қатар банктерге, шағын қаржы ұйымдарына қойылатын талапты күшейтіп, жоғарғы пайызбен тұтынушы несиесін беруге шектеу қою қажет. Бұл саланы реттеуді тез қолға алған жөн.

– Банк саласына қатысты одан басқа да өзге өзгерістер туралы ойыңызды білсек. Мәселен, еліміздің қаржы нарығына шетелден 3 банк шақырылуы қажет екені хабарланды. Олар қай елдер болуы мүмкін? Олардың арнайы бір салаға (агробанк, ғылым банкі, энергетикалық банк және т.б.) келгені дұрыс па, әлде жалпы негізде болғаны дұрыс деп санайсыз ба? Олар біздің экономикаға не береді?

– Банк саласында бәсекелестікті қалыптастыру үшін Президентіміз шетелден үш банкті тартқан жөн деп қадап айтты. Бұл өте уақыттылы айтылып отырған дұрыс ұсыныс, тіпті тапсырма деуге болады. Жана айттым, біздегі барлық 21 банктің активін қосса алғанда 44,5 триллион теңге (1.01.2023ж). Ал шетелдің бір банкінің активі бұл соманы 4-5 есе орап алады. Сондықтан да оларды шақырғанымыз біздің экономикамызға жақсы. Қаржысы көп болғандықтан олардың

білемін. Мысалы, кезінде бүкіл ауылдарға, ауылдық округтарға, аудандық маңызы бар қалаларға өзінің дербес бюджетін енгізу керек деген бастама көтерілген болатын. Бұл жоба 2020 жылдары толықтай енгізілді. Яғни, аймақтарды дамыту осы дербес бюджеттерді енгізумен де байланысты болды. Яғни, елді мекендердегі мүлік салығы, жер салығы, көлік салығы сол ауыл мен қаланың бюджетіне түседі. Бір ауыл мысалы 1 миллион жинаса, бір ауыл 15 миллион жинап жатыр деген сияқты. Әйтеуір өздеріне қыста тракторларына жанар-жағармай алса да, көшелерді тазалап, қоқыс шығарса да біраз қаражат пайда бола бастады. Бұрынғыдай ауданға қол жайып отырмайды. Шұғыл жағдай туса да өкімнің қорында ақша бар. Енді осыны ары қарай дамыту үшін екінші кезеңмен шағын және орта бизнестен түсетін Корпоративті табыс салығын жергілікті бюджетке берді. Бұрын ол республикалық бюджетке кететін. Енді 50%-ы облыстық бюджетке қалады да, қалғаны аудандық бюджеттерге бөлінеді. 2020 жылдан бері қарай осылай. Бұл жергілікті жерлердегі көптеген мәселелердің шешілуіне мүмкіндік тудырып отыр. Енді осыған байланысты өз Жолдауында Президент келесі бір салықтың түрі – Қосымша құн салығын қазіргідей түгелдей республикалық бюджетке емес, белгілі бір бөлігін жергілікті бюджетке беру туралы айтты. Бұл өңірлерге үлкен қолдау болмақ, өйткені бешімін таппай жатқан жергілікті мәселелер көп. Және бұл өте қомақты қаражат. Қазіргі есептеулер бойынша 2 триллиондай теңге деген дерек бар, енді оның нақты қанша екенін уақыт көрсетер, ең бастысы ол жергілікті бюджетке түсер болса, онда оның дербестігі артады да, жергілікті әкімдерде өңірдің проблемасын шешуде үлкен мүмкіндіктер пайда болады. Жолдарды жөндеу, мектептер, мәдениет үйлерін, спорт кешендерін және тұрғын үй салу, су тарту, қоғамдық көліктер – көптеген мәселелер бар ғой, осыларға ақша

“

Бірақ интернет арқылы онлайн кредит алатындар көп, оларға берілетін пайыз 1000-1500%-бен болып тұр. Оны қадағалап жатқан ешкім жоқ. Бұл азаматтардың әлеуметтік жағдайын қиындатуға, болашақта шиеленіскен наразылықтарды туындатуға алып келуі мүмкін.

пайыздық мөлшерлемесі де төмен болуы мүмкін. Мәселен, шетелдік қаржы ұйымдары Libor (Лондондық банкаралық ставка ұсынысы) деген жүйеге қарап несиесі береді. Ондағы ставка қазір 5,5%. Осыдан екі-үш жыл бұрын ставка 2-3% болған. Енді қай елден, қандай банктер деген сұрағыңызға келер болсақ, оны талдап қарау керек. Өйткені әлемде мырты-мықты банктер көп. АҚШ-тың, Еуропаның, Қытайдың, Оңтүстік Кореяның, Жапонияның жақсы банктері бар. Жалпы шетелден банктерді кіргізетін кезде оған қоятын талаптар, нормативтер болады. Соларды сақтай отырып, ұлттық экономиканың мүддесі де ұтылмайтындай шарттар жасау керек. Сондықтан мен сізге нақты елдерді атап бере алмаймын. Өйткені ол шетелдік банктерге де байланысты. Ең бастысы, тапсырма берілді. Енді соны мақсатына сай орындау керек. Олар қай саланы қаржыландырады, мәселе онда емес. Ең бастысы, жеңілдетілген несиесімен экономикаға жұмыс істеуі керек. Оларды сіз айтқандай, белгілі бір салаға тарта алмайды. Өйткені онсыз да нарығымыз кішкентай. Ал оны одан сайын тарылтып, осы салаға келіңіз деп талап қоятын болсақ, олар келмей де қоюы мүмкін. Ал жалпы Президенттің бұл идеясы – инвестиция тартудың ұтымды бір сипаты деп білемін. Яғни, ақша белгілі бір салаға тартылмайды, тұтастай экономикаға тартылады. Ең бастысы, арзан несиесі келуі керек. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу агенттігінің басты көзденгені осы болуы керек.

– «Мықты аймақтар – экономиканың драйвері» дейміз. Президент орталықсыздандыру бағытын тереңдетіп жүргізіп келеді. Бюджет дербестігі мен электротаттық сипат – соның айғағы. Осы ретте алыпқосар қандай ұсыныстарыңыз бар? Әсіресе, шекара жанындағы аймақтардың мәселесін бірінші кезекте шешкен дұрыс сияқты.

– Жолдауда шоктығы биік тұрған мәселенің бірі – аймақтарды дамыту деп

табылады. Сондықтан да мен Президенттің осындай қаламдарға барып отырғаны өте дұрыс деп ойлаймын. Жолдауда айтылған бастамаларды толық қолдаймын. Бұл тұста тағы бір беріліп отырған мүмкіндік жергілікті бюджетке түсетін салыққа жеңілдіктерді жергілікті атқарушы билік пен өкілетті билік бірлесіп қарастыруға болатыны туралы ұсыныс. Егер, бір кәсіпкерге немесе кәсіпорынға әкімдігі бар, мәслихаты бар, салық органдары бар бірігіп, талқылап, жергілікті бюджетке түсетін салыққа жеңілдік жасайтын болса, ол кәсіпкерді қолдауға, жағдайын дұрыстауға көмек болар еді. Ол жағдайын жақсартып алғаннан кейін сол ауылға немесе қалаға он есе артық пайдасын тиісті ететін болады. Сондықтан да билікті орталықсыздандырудың бір тармағы осы деп алатын болсақ, бұл да халқымыз үшін игі бастама болмақ.

– Әрине, бастамалардың қай-қайсысы да құптарлық-ақ. Бірақ «таяқтың екі ұшы бар» демекші, біз жең ұшынан жалғасқан жемқорлық проблемасын өзі жеңген жоқпыз ғой. Өз ақшасы өз қолына тиген соң, бұрынғыдай жоғарыға есеп бермейтін болған соң, әкімдердің тәбегі ашылып кетпей ме? Мемлекеттік сатып алу деген де тұрлаусыздау дүние болып тұр.

– Иә, сөзіңіздің жаны бар. Қадағалау әрине болады. Бізде қазір жергілікті бюджетті ревизиялық комиссиялар тексереді, сонымен бірге Қаржы министрлігінде Ішкі аудит департаменті бар, солардың тексеруге мүмкіндігі бар. Оған қоса біз билік жазда заңға толықтырулар мен өзгерістер енгіздік, енді соған сәйкес Жоғарғы аудиторлық палата жергілікті бюджетке толықтай аудит жүргізуге мүмкіндік алып отыр. Бұрын олай жасай алмайтын еді, тек республикалық бюджетті, квазимемлекеттік секторды ғана тексерумен шектелетін. Осылайша, үш орган қадағалау жасамақ. Сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бар. Сондықтан коррупциямен

құрес тоқтамайтын болады. Ең бастысы, жемқорлықты болдырмай, өңірлердің бойына қан жүгіріп, экономикаға жан бітсе дұрыс болар еді.

Ал мемлекеттік сатып алуға келер болсақ, ол – үлкен мәселе. Оны реттеу үшін Президент осы заңды қайта қарап, жетілдіруді тапсырды. Соның ішінде, мердігерлерге қойылатын талаптарды дұрыстау керек. Бұл бағытта бәсекеге қабілетті жатырмыз. Мұнда жергілікті компанияларға басымдық беру керек. Мысалы тұрғын үй салуды алайық. Енді оларды салуға бұрынғыдай ақша бөлумен қатар дайын тұрғын үйлерді шекті бағамен сатып алуға мүмкіндік жасау керек. Өйткені тендер жариялап, мердігер анықтап, ол оны саламын дегенше уақыт кетеді. Сондықтан дайын, сапалы үйлерді, тиісті талап қоя отырып сатып алуға, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жылдамдық болар еді. Өйткені үй кезегінде 600 мыңнан аса азамат тұр.

Тағы бір айтатын мәселе, мемлекеттік сатып алуға, тендерде қосалқы мердігерлерге берілетін жұмыстың көлемін 25 пайыздан асырмау керек. Бұл құрылыс компанияларының арасында бәсекелестікті қалыптастырады. Өйткені тендерді ұтқан компания ары қарай жұмысты қосалқы мердігерге бере салып, өзі пайыздарын алады, келіседі. Бұл көп жағдайда құрылыстың бітпеуіне, сапасыз салуына, қаражаттың мақсатқа сай жұмсалынуына әкеп соғады. Сондықтан біз осындай тәсілге көшуіміз керек. Осындай жүйе орнатуға мүмкіндік беруіміз керек.

– Әкімшілік-құрылымдық өзгерістер ұсынысына биыл министрліктер ілінді. Қайта құрулардың ішінде қалына келген Көлік министрлігі бар. Еліміздің транзиттік әлеуеті үшін бұл ведомство керек-ақ. Жана министрліктің алдына бірінші кезекте қандай міндеттер қойылуы керек деп санайсыз?

– Көлік министрлігінің құрылғаны бұл елдегі қордаланған мәселелерден туындап отыр. Жол жөндеуге, оларға реконструкция жасауға жылдар бойғы көптеген қаражат бөлініп келді. Бірақ осы ақшаның мақсатына сай жұмсалудың, жұмыстың сапасын бақылайтын тиісті министрлік болса да, шынын айту керек, оған назар аударылған жоқ. Мысалы: Өскемен – Аягөз – Талдықорған, Қалбау – Майқапшағай жолдарының салынып жатқанына бес жыл болды. Әлі аяқталған жоқ. Халық бұл мәселені күнде көтеріп жатыр.

Енді, міне, Көлік министрлігі осы жұмыстарды нақты атқармақ. Автожолдар бар, одан бөлек жағдайы сын көтермейтін теміржол саласы бар. Мен өзім теміржолмен көп жүремін. Әсіресе, өңірлерді аралағанда, болмаса, сайлау округіне барғанда. Сонда бәріміз де байқап жүрген болармыз, ескі вагондар көп, санитарлық талаптарға сай келмейді, жазда кондиционер істемейді, қыста суық. Содан кейін вагондардың жетіспеушілігі бар. Жалпы біздегі жолаушылар паркінің 55-60%-дан астамы ескірген. Жолаушылар вагондарын жанарту қазір өте маңызды. Қазақстанның жер көлемі үлкен болған соң халқымыздың басым көпшілігі теміржол көлігін пайдаланады. Өйткені автобустар көп емес, онымен ұзақ жол жүру жайсыз, ал әуе билеттері қымбат. Бұл да назар аударуды қажет ететін бір проблема. Сондықтан да «Қазақстан теміржолын» жан-жақты тексеріп, оған реформа жасап, мәселені шешу керек. Бұл саланы дұрыстап дамыту керек. Мұнда жолаушылар тасымалы ғана емес, жүк тасымалы да бар. Вагон жетіспеушілігінен қаншама кәсіпкерлеріміз зардап шегіп отыр. Олардан түсіп жатқан шағым көп. Тауарын экспортқа уақытында шығара алмай қиналып отыр. Ішкі тасымалдағы да жағдай да осындай. Автомобиль тасымалына да мәселе көп. Міне, осындай проблемалар қордаланғандықтан да Көлік министрлігін құру туралы шешім қабылданды деп ойлаймын. Бұл өте дұрыс шешім. Енді бейінді ведомство тек өзіне қарасты мәселелермен тікелей айналысатын болады деп білемін. Бұл тұста саланы жайлаған жемқорлық проблемасы бар. Әсіресе, автожолдар құрылысында, теміржолда бұл терең тамыр жайып кеткен. Авиасалда да жағдай оңып тұрған жоқ. Билеттердің бағасы өсіп жатыр, бәсекелестік жоқ. Бұл тұрғыда ұсынысым бар: еліміздегі әуе тасымалы саласын реттеу керек, бәсекелестік болу қажет, шетелдік авиакомпанияларды кіргізу керек.

– Әлденіңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Нұрлан ҚОСАЙ

ИНТЕРНЕТТЕГІ ДЕРБЕС ДЕРЕК — АЛАЯҚТАР ЖЕМІ

(Басы 1-бетте)

Елдос СЕНБАЙ

Telegram боттың білмейтіні, тауып бермейтіні жоқ көрінеді. Оған кез келген адамның ұялы телефонының нөмірін терсеңіз болды, оның ЖСН-ын, қандай мекенжайда тіркелгенін, қайда тұратынын, өзге адамдардың смартфонды қандай лақап аттармен жазылғанын, әлеуметтік желідегі парақшаларын, тіпті автокөлігінің мемлекеттік нөмірін алды-ңызға жайып салады.

Боттың ақылы жазылымы бар, оған 10 рубль төлесе, кез келген қазақстандыққа қатысты егжей-тегжейлі деректерге қол жеткізуге, мысалы, оның диагноздарын, сот үкімдерін білуге, жеке смартфондағы фотогалереясын тамашалауға болады. Бұл функция тек Ресей азаматтарына қолжетімді екен. Демек, Қазақстанда онлайн және телефонмен жасалатын алаяқтық басым бөлігі РФ аумағынан жасалуының мәнісі түсінікті болды. Алаяқтар бір жылда Қазақстан тұрғындарынан 20 миллиард теңгесін алдап алып, саза отырғызды.

Сарапшылардың жазуына, ресейлік боттың функционалы қайран қалдырады. Ол адамдарды телефон нөмірі бойынша ғана емес, сондай-ақ аты-жөні, электронды поштасы, әлеуметтік желідегі бүркеншік аты, ЖСН-ы және фотосы бойынша іздей алады. Яғни, әлдебір адам туралы қандай да бір дерек ол туралы ақымды компроматты қолға түсіруге жол ашады. Ақпарат құралдары министрлердің, депутаттардың, прокуратура, полиция мен арнайы орган өкілдерінің деректері сонда барына назар аудартады. Енді ғана елді дүрбеленге салып жатқанына қарамастан, шынында бұл ресейлік бот көп дегенде бес жылдан бері жұмыс істеп тұрған көрінеді. Содан бері ондағы дербес деректер қоры үнемі жаңаларымен толығады.

Қазақстандықтар ботқа өз атын жазып, онда өзі жайында не ақпарат барын біліп, жаға ұстайды: ондағы дербес деректерін тек Dаtаmеd пен Egov сияқты мемлекет бақылауындағы қосымшалар мен ресестрлерге, мемлекеттік сервистерге ғана енгізген. Яғни, ашық дереккөздерде жарияламаған. Онда оларды ресейлік бот қалай біліп алған?

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің баспасөз қызметі журналистер сауалына жауабында оның бәрі интернеттегі ашық дереккөздерден, әлеуметтік желілерде жиналатынына сендіріп бақты. Түсініктемеде айтылғандай, қазақстандықтардың дербес деректері түрлі сервис пен онлайн платформалардан, соның ішінде Telegram, Facebook, WhatsApp, Одноклассники сияқтылардан жиналады.

Мұның сыртында министрліктің пайымдауына, боттар мәліметтерді Get Contact сервисінен және үшінші тұлға-



Елдар ҚАБА (colleage)

лардың ұялы телефонынан алады. Себебі азаматтар әлдебір қосымшаны орнатқанда оған контактілер журналына, галереяға, бейнекамераға қол жеткізуге рұқсат береді. Осылардан алынған деректер интернетке «ағып» кетеді.

Ал ресейлік ботқа келсек (жарнама жасамау үшін оның атын атып отырмыз), Бағдат Мусиннің баспасөз қызметінің хабарлауына, оны ресейлік кәсіпкер Евгений Антипов жасаған болуы керек. Антипов бұған дейін «Глаз бога» атты Telegram-арнаының негізін қалаған: ол ресейліктердің дербес деректерін желіде ашық жариялауымен аты шықты. Содан 2021 жылдың басында «Роскомнадзор» ол арнаны бұғаттау туралы қаулы шығарды. Әйткенмен, РФ құзырлы органдарының боттың клонын бұғаттаудан басқаға шамасы жетпеді.

ӨЗ ДЕРЕГІҢЕ ӨЗІҢ ҚОРҒАН БОЛ...

Қасқой сайттарға, арналар мен боттарға тосқауыл қою қазақстандық құзырлы органның да қолынан келмей тұрғаны ұқсайды. Маскара болғанда, біздің шенеуніктер керісінше, сол қаскүнемдердің ісін жеңілдетіп бергелі тұр. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мамандары осыған шағымданды.

Мәселен, Президент жанындағы цифрландыруды енгізу мәселелері жөніндегі комиссияның 2021 жылғы 27 қазандағы отырысының тапсырмасына сәйкес, Мусиннің ұжымы елімізде азаматтардың дербес деректерін таратқаны үшін жазаны күшейту бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу жұмыстарын жүргізуде. Бірақ екі жылдай уақыт өтсе де, заң жобасы Парламентке жете алар емес. Неге?

Тіпті заңның жобасы дайын. Ол «Кейбір заңнамалық актілерге ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп аталады.

«Алайда заң жобасын қараған Үкімет «кәсіпкерлік субъектілерінің уәкілетті органды дербес деректердің ағып кетуі туралы хабардар етуі міндетті емес сипатта болуға тиіс деген қорытынды шығарды. Яғни, мұны олардың құқығы ретінде айқындау ұсынылды. Қаласа, хабарлауға құқығы бар, қаламаса хабарлауға міндетті емес. Қазақстанда дербес деректер «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңымен қорғалады және оларды қорғауды қамтамасыз ету — дербес деректерден тұратын базалардың меншік иелері мен операторлардың міндеті. Осы міндеттерді бұзғаны үшін меншік иелері мен операторлар әкімшілік, қылмыстық жазаланады», — деп мәлім етті Цифрлық даму министрлігі.

Сондықтан Мусиннің командасы өз ұстанымында табандап отыр: азаматтардың дербес деректері сыртқа тарап кетсе, онда меншік иесі бұл туралы дереу уәкілетті органды құлағдар етуі тиіс. Олай жасамаса, айыппұл салынуы керек. Заң жобасына осы норма ұсынылған. Десе те, бұл заңның алдағы жылы қабылданар-қабылданбасы белгісіз.

Қызығатын жайт: өмірге жолдама алғаның өзінде, бұл заң қазақстандықтардың жеке деректерін қорғай алмайды. Мұны Цифрлық даму министрлігінің сарапшылары да мойындады.

Өйткені аталған заң қабылдана, мемлекеттік органдар, мекемелер, квазимемлекеттік сектор және бизнес нысандары өзінің деректер базасының бұзылғанын, онда сақталған дербес деректердің сыртқа ағып кеткенін анықтаса, сол сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде инцидент туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті болады.

Содан соң құзырлы орган дереу интернет пен әлеуметтік желілерден қазақстандықтардың жария болған құпия дербес деректерін тауып, жаппай тазалауға тегуерінді кіріседі ме? Жоқ.

«Мемлекет уәкілетті органның алынған ақпарат негізінде қазақстандықтарды төл

дербес деректерінің сыртқа ағып кеткені туралы хабарландырады. Азаматтарды олардың дербес деректерінің сыртқа тарағаны жайында «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ хабардар ететін болады. Бұл үшін ол дербес дерек иесінің eGov.kz «электронды Үкімет» порталындағы кабинетіне тиісті ақпаратты жолдайды. Ары қарай әрбір адам төл дербес деректерінің қорғалуын күшейту шараларын қабылдағаны жөн», — деп түсіндірді Цифрлық даму министрлігінің сарапшылары.

Бұл «суға кеткен өзін-өзі құтқарсын» деген сияқты нәрсе. «Электронды Үкімет» порталындағы жеке кабинетіне түскен хабарламаны әлдеқалай көзі шалған азамат одан ары өзі сақтық танытады деп үміттенеді Үкімет. Мысалы, Ресейден алаяқтар қонырау шалып, жеке басына, дүние-мүлкіне қатысты құпиясын білетінін мезгесе, оның талабына, коқан-локқысына ермейтін шығар деп өтір.

«Заң жобасындағы жаңа тетікті енгізудің мақсаты — азаматтарды олардың дербес деректерінің сыртқа ағып кеткені туралы хабардар ету. Бұл — азаматтарға дербес деректерінің ары қарай таралуының алдын алуға мүмкіндік береді», — делінген Б.Мусин ведомствосының түсініктемесінде. Бірақ ары қарай таралуының қалай алдын алуға болатынын түсіндірмеді.

Бұл Қазақстанда мүмкін емес көрінеді.

АЛАЯҚТЫҚ САНЫ 43 ЕСЕГЕ ӨСТІ

2022 жылғы жағдай бойынша республикада азаматтардың дербес деректерін жинаумен 1 694 672 субъект айналысады.

«Тіпті, әлдебір дүкеннің не сауда орнының жеңілдік беретін картасын сатып алсаңыз, оның базасында анкета толтырып, түрлі дерегіңізді қалдырасыз. Қазақстандықтар сауаты жетпегендіктен, дербес деректерін қорғауға салғырт қарайды. Мысалы, көшеде әлдебір ұсақтықті тегін үлестіре, сол үшін өз басына қатысты ақпараттарымен бөлісуге даяр

тұрады. Ондай сынақ жүргізілген. Тіпті, мемлекеттік ұйымдардағы деректер базалары жете қорғалмаған. Жекеменшік компаниялар мен заңды тұлғалардағы жағдай одан да нашар. Деректер базаларын сататындары бар. Көбі дерекқорларын жете қорғамайды, техникалық жаратануға мән бермейді. Адами фактордың да теріс әсері бар. Көрінген сайттарға кіріп, корпоративтік желіге сырттан вирус енгізеді. Бұрынғы қызметкер ызаланып, компанияға залал келтіру үшін базаны жүктеп алып, интернетке төгуі мүмкін», — деді Кибер шабуылдарды талдау және тергеу орталығының сарапшылары. Олар деректердің сыртқа кеткені туралы азаматтарды ақпараттандыруды орынды санайды.

Цифрлық даму министрлігі бұл байламды растады. 2022 жылы Қазақстанда келесі деректер базаларының сыртқа «ағып» кеткені белгілі болды: Орталық сайлау комиссиясының базасында сақталған 12 миллиондай қазақстандықтың дербес дерегі; Қазпоштадан — шамамен 12 миллион жазба; Спортмастер дүкендер желісінен — 260 мыңнан астам адамның дербес деректері; ChocoFamily-ден — шамамен 12 мың жазба, сондай-ақ Яндекс.Еда және басқасынан клиенттердің дербес деректері жария болып қалыпты.

Ведомство 2022 жылы деректердің сыртқа кетуіне байланысты банктерге жеке жеке ұйымдарға жоспардан тыс небәрі 8 тексеріс жүргізді. Мұндай оқиғалар саны әлдеқалай көп. Себебі көбі инцидентті жасырады.

Содан 2018 жылы 5 дерегі анықталды, 930 735 теңге айыппұл; 2019 жылы — 11 дерек, 3 383 500 теңге айыппұл; 2020 жылы — 8 дерек, 1 875 705 теңге айыппұл; 2021 жылы — 20 дерек, 436 092 теңге айыппұл; 2022 жылы 25 дерек өшкеріліп, 2 006 265 теңге айыппұл салынған. Жаза өте жұмсақ: деректердің сыртқа кетуінің әрбір оқиғасы үшін айыппұл орта есеппен 80 мың теңгеден аспады.

Қолды болған деректер негізінде жасалған интернет алаяқтықтар саны да еселеп артып барады: 2018 жылы — 535 қылмыстық іс; 2019 жылы — 8 210 қылмыстық іс; 2020 жылы — 14 993 қылмыстық іс; 2021 жылы — 23 351 қылмыстық іс; 2022 жылы 22 898 қылмыстық іс қозғалды.

Сөйтіп, интернет алаяқтық саны 43 есеге өсіп шыға келді. Бұл тек азаматтың не азаматтар тобының шағымы негізінде қозғалған қылмыстық істер ғана. Қозғалмай, жылы жабыла салынғаны немесе алданған азамат өзін айыптап, құзырлы органдардан араша іздемеген оқиғалары қаншама?

Мысалы, сыртқа шыққан деректер негізінде алаяқтар бір адамға 3 банкте сыртынан жалпы сомасы 15 миллион теңгеге кредит рәсімдеп қойған. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше, 2022 жыл қорытындысында интернет алаяқтар қазақстандықтарға осылай 20 миллиард теңге залал келтірді.

Белгілі адамдардың жеке басына қатысты деректерді, мысалы оның қанша және қандай мүлкі бары туралы ақпаратты ашық жариялау, сойтып, оған қосқан-лоқы жасау фактілері тіркелген. Бұған қоса, сыртқа тараған деректер негізінде азаматтардың медициналық құпияларын жариялауға жол беріліпті.

НЕСІНЕ КҮЙЕСІЗ, ЖҰМЫСЫ — ЖҮЙЕСІЗ

Оқу жылы әлдеқашан басталып кеткенімен, Ақмола облысының бірқатар мектебінде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған жоқ. Салдарынан шалғайда жатқан ауылдарда он мыңға жуық оқушыны білім ордаларына көлікпен тасымалдап жүр. Кей мектептерде жөндеу жұмыстары әлі де жалғасып келеді. Облыстық Білім басқармасының мәліметінше, өңірде 44 білім ордасына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бюджеттен қомақты қаражат бөлінгенімен, олардың 11-і оқу жылы басталғанға дейін аяқтауды міндетіне алған жұмыстарын тапсырып үлгермей қалған. Жөндеу жұмыстарындағы мердігер компаниялардың сылбырлығы салдарынан мектептерде пайдалануға берілуі тиіс нысандарда іс бітпей, бұл оқу үдерісіне де елеулі кері ықпалын тигізген.

Жалпы, облыста білім ордаларын ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарына биыл 101 нысан ілігіп, оған бюджет қоржынынан 9,3 миллиард теңге, оның ішінде 44 нысанның күрделі жөндеуден өтуіне 8,6 миллиард теңге бөлінген. Барлық нысан бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстары өткізіліп, мердігер ұйымдар анықталып, жөндеу жұмыстарын ұйымдастырудың кестелері бекітілген. Алайда күні бүгінге дейін жөндеуді сағыз-ша созылған нысандарда әлі біршама уақытқа созылатын бірталай жұмысы бар. Жөндеу жұмыстарының уақытында аяқталмауы аталған білім ордаларының да, құзырлы органдардың да бас ауруына айналған.

Мәселен, Көкшетау қаласындағы Застаңионның шағынауданындағы №14 орта мектепте жөндеу жұмыстары оқу жылы басталғанға дейін, яғни 31 тамызда толықтай аяқталуға тиіс болған. «Севим-сталькон» ЖШС мердігер болған мектептегі күрделі жөндеуге бюджет қоржынынан 750 миллион теңге бөлінгенімен, жөндеу жұмыстары күні бүгінге дейін аяқталмаған. Тұрғындар қосалқы ғимаратта жөндеу жұмыстары болғандықтан, бір ғимаратта оқушылар қысыла-қымытырыла оқып жатқанын айтып қыжылысы білдірді.

— Мектепті жөндеуге 750 миллион теңге бөлінген. Аса үлкен қаражат. Мұндай қаражатпен әлдеқашан жөндеуді аяқтауға да болатын еді ғой. Бірақ әлі де бітпеген жұмыс жетерлік. Балалардың қысылып-қымытырылып білім алып жатқаны олардың оқу үлгеріміне де әсер еткені ғой. Қомақты қаражат бөлінгенімен, жұмыс істеп жатқан мердігерлердің сылбыр ісі мен

бақылаудың аздығы осындай жағдайға душар еткен, — дейді Көкшетау қаласының тұрғыны Бәтима Алинова.

Облыстық Білім басқармасының басшылығы білім ордалары нысандарындағы жөндеу жұмыстарының уақытында аяқталмай калуының бірнеше себебін атады. Әсіресе, құрылыс материалдарының құрт қымбаттауы мен мердігер компаниялардың өз ісіне жауапсыздық танытуы осындай жағдайға алып келген.

— Жөндеу жұмыстарының уақытында аяқталмауына бірнеше субъективті және объективті себеп бар. Жобалық-сметалық құжаттамалар жөндеу жұмыстары басталғанға дейін біраз уақыт бұрын жасалады. Аталған сметалық құжаттама 3 жылға дейін жарамды. Бірақ соңғы оқиғалардан кейін құрылыс материалдары бірнеше есеге қымбаттап кетті. Баға саясатына сәйкес келмеуі біраз қиыншылық туғызды. Жөндеу жұмыстары басталған ғимараттарда жобалық-сметалық құжаттамада көрсетілмеген басқа жаңа жұмыстар жасау қажеттігі пайда болады. Көптеген мектеп соңғы 50-60 жылда мүлде жөндеу көрмеген. Онда бәрін мұқият қарағанның өзінде толықтай бәрін ескеру мүмкін де емес. Бұзу кезінде бір жерлері қосымша шіріп кеткен, бұзылған жерлері анықталады. Қабатаралық жабындары, іргестарының отыруы сияқты қосымша жұмыстар шығады. Бұл, өрине қосымша уақыт пен қаражатты да талап етеді. Мұнымен қоса, мемлекеттік сатып алуды ұтып алған жеткізушілер қызметті уақытында көрсетіп, мерзімінде аяқтауға асықпайды. Мәселен, осы 44 нысанның 18 техникалық қадағалауы өте кеш шықты. Бір-бірімен



соттасып, конкурс тоқтап қалады. Біз барлық конкурсты ақпан айында жарияладық. Бірақ бір мектепте әлі күнге дейін техникалық қадағалау жоқ. Осы уақытқа дейін алты, яки жеті сот отырысы болған. Тек техникалық қадағалаудан кейін құрылыс жұмыстарына рұқсат етіледі. Келісім болмаған соң кей жұмыстарды істеу мүмкін емес. Сондықтан кейбір білім беру ұйымы материалдарын сатып алып, техникалық қадағалау шешімін күтті. Осындай себептермен нысандар уақытында тапсырылмай қалды, — дейді Ақмола облыстық Білім басқармасының басшысы Шокан Оразалин.

Білім басқармасы жөндеу жұмыстары аяқталмаған мектептерде оқу процесі жанама әдіспен жалғасып жатқанын жеткізді. Яғни, мектеп оқушылары көршілес ауылдардың мектептеріне уақытша тасымалданып, яки жанама басқа ғимарат корпустарында білім алмақ. Жалпы, бүгінде облыс аумағында 537 мектеп жұмыс істейді. Елдің барлық солтүстік аймағы сияқты Ақмола облысында да халықтың ауылдан қалаға үдеру көшуі шалғай ауылдарда мектептердің жабылып қалуына себепші болған. Тек биылдың өзінде бала санының аздығына байланысты 7 бастауыш және 3 негізгі мектеп жабылып тұнған. Оған қоса, 10 шағын комплектілі мектеп, оның ішінде екі бірдей орта мектеп негізгі мектепке, 7 негізгі мектеп бастауыш мектепке айналған. Бұл өз кезегінде көршілес ауылдарға қатынап оқитын балалар санын еселеп өсірген.

Халықтың ауылдан қалаға қарай ағыла көшуі қала мектептеріндегі жағдайды да



аса күрделендіре түскен. Бұған қыркүйек айының алғашқы күндері-ақ Көкшетау қаласындағы №1 орта мектепте балалардың үзіліс кезінде дәлізде қысылып қалғаны айқын дәлел. Қала тұрғындары қалаңның бірнеше мектебінде бала санының тығыздығына наразылығы білдірген.

— Қаладағы бірнеше мектепте балалар тиісті межеден әлдеқаша көп. Мәселен, №17 орта мектепте оқушы өте көп. Балалар асханаға барғысы келмейді. Өйткені кезек өте үлкен болғандықтан, тіпті үзіліс аяқталғанша тамақтанып үлгермей де қалады. Балалар сабақтан кейін үйге жүйкесі тозып келеді, — дейді қала тұрғыны Ризагүл Әбдірахманова.

Ведомствоның мәліметінше, биылғы оқу жылында шалғай ауылды аймақтарда жалпы саны 9 797 оқушы тасымалдаумен оқытылатын болған. Облыс аумағында мектебі мүлде жоқ ауылдардан күн сайын 4 940 бала күнделікті мектепке тасымалданады. Сонымен қатар елді мекен ішінде 4 682 оқушы күнделікті тасымалданады. Мұнымен қоса, мектебі жоқ ауылдардан интернатқа тұрып оқитын 175 баланы апта сайын тасымалдап оқытады. Тасымалдауды ұйымдастыру үшін 203 автокөлік тартылған.

Дегенмен Білім басқармасы соңғы жылдары білім беру ұйымдарының салынуы мен жөндеу жұмыстарына бюджеттен бөлінетін қаражат көлемі айтарлықтай ұлғайғанын атап өтті. Атап айтқанда, күрделі жөндеу жүргізілетін 44 білім беру нысанының 16-на қаржы «Ауыл — ел бесігі» арнайы бағдарламасы шеңберінде бөлінген. Басқарма басшы-

лығы аяқталмай жатқан мектептерде жөндеу жұмыстарының алдағы қыркүйек-қазан айларында аяқталуы тиіс екенін жеткізді. Сонымен қатар мектептер тартылық етіп жатқан аймақтарда жана білім беру орындары пайдалануға берілгені аталып өтті.

— Күрделі жөнделетін 44 нысанның ішінде 38 мектеп, 2 колледж, 2 балабақша мен 1 арнайы білім беру мекемесі қамтылды. Жөндеу жұмыстары аяқталмай қалған 11 нысанда осы жылдың қыркүйек-қазан айларында аяқталуы керек. Өңірде 1 қыркүйек күні 2 092 орындық 5 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Атап айтқанда, Целиноград ауданының Өтеміс ауылында 120 орындық мектеп, Көкшетау қаласында 392 орынды оқу-тәрбие кешені, Қосшы қаласында 1 200, Аршалы ауданының Жібек жолы ауылында 300 орындық мектеп, Ақкөл ауданында №4 мектепте қосалқы мектеп, Қосшы қаласында жеке инвестициялардың көмегімен 1 500 орындық мектеп есігі айқара ашылды. Бұл облыстағы 3 ауысымды оқыту мәселесі түбегейлі шешілді. Биыл облыста тағы 8 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Мұнымен қоса, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен Көкшетау, Шучинск және елордаға таяу орналасқан аудандарда 18 мектептің құрылысы жоспарланған. Тек осы жылдың соңғы тоқсанында келер жылы пайдалануға беру жоспарланған 9 мектептің құрылысы басталмақ. Оның ішінде 1 500 орындық екі мектеп Көкшетау қаласының Сарыарқа шағынауданында салынады, — деп толықтырды Шокан Оразалин.

Білім беру орындарының тапшылығымен қатар өңірде қазак тіліндегі мектептердің аздығы да тұрғындарды аса қаты-ты мазалап тұр. Өңірдегі мектептердің небәрі 67 пайызы ғана мемлекеттік тілде оқытады. Бұған өңірдегі тіл мәселесі де айтарлықтай кері әсерін тигізіп тұрған сыяқтай. Өйткені биыл мектеп табалдырығын алғаш аттаған оқушылардың тек 50 пайыздан астамы баласын мемлекеттік тілде оқытуға берген. Түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуда тиісті құзырлы органдар мен қатар жоғарыдағы билік басындағы жауапты органдардың жауапкершілікпен істі онынан шешілуіне желел арада назар аударғаны жөн болар еді-ау деген ойламыз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Мемлекет басшысы бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортының дамуы маңызды екенін айтты. Елімізде азаматтардың кәсіби үшін бұқаралық спортпен айналысуы үшін осы саланың инфрақұрылымын дамытуға мейлінше көңіл бөлініп келеді. Спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың үшінші мегаполисте іске асырылуы туралы біз Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Бауыржан Тұманбаевпен сұхбаттасқан едік.

— Бауыржан Қалмұхамедұлы, өзіңіз жетекшілік ететін басқарманың басымдығы ретінде қандай міндеттер айқындалып, оларға қол жеткізуде қандай жоспарлы көрсеткіштер мақсат етіп қойылған?

— Спорт саласында біз айқындаған басымдық ең алдымен Шымкент қаласының республикалық дәрежедегі қала санатындағы мәртебесіне сай қала тұрғындарының спортпен айналысуы үшін, оның ішінде халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қолжетімді болуы ескеріле отырып, тұрғылықты жері бойынша және көпшілік демалатын орындарда спорттық инфрақұрылымды қалыптастыру руды көздейді. Бұл бағытта қалалық спорт және дене шынықтыру басқармасы бұқаралық спортпен айналысуға арналған спорттық жабдықтардың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырып, республикалық немесе жергілікті аккредиттелген спорт федерацияларымен бірлесіп отырып, түрлі деңгейдегі спорттық жарыстарды, оның ішінде ардагер спортшылар арасында спорттық сайыстар өткізеді.

Спорт түрлері бойынша республикалық маңызы бар қалалық құрама командаларды даярлауды және олардың республикалық және халықаралық спорттық жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз етеді. Шымкент қаласының аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуға жүзеге асырады. Қала аумағында дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіріп, спортшыларға, спорт төрешілеріне біліктілік санаттарын беруді іске асырады, біліктілік санаттарынан айырады. Аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін бекітеді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді. Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт гимнасттарын пайдалануды үйлестіреді, дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерінің жұмысын ұйымдастырады. Мемлекеттік спорттық тапсырыстың көрсетілетін қызметтерін берушілердің меншік нысанына, олардың ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз етеді.

Осы міндеттерді іске асыруда Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының нысаналы индикаторлар тізбесінде 4 бағыт бойынша спорт саласының даму көрсеткіштері белгіленді. Олардың қатарында дене шынықтырумен және спортпен айна-



Бауыржан ТҰМАНБАЕВ:

1111 ШЫМКЕНТТІК ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАП ЖҮР



лымының жалпы көлемі 45 566 м² жетті. Биылдың өзінде қаламызда 4 жана спорт нысаны іске қосылды.

Қала аумағында дене шынықтыру және спортпен айналысуға қарсы көрсетілімі жоқ 15 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі азаматтар тұратын болса, оның ішінде 2036 азамат дене шынықтырумен және спортпен тұрақты шұғылданады. 2021 жылмен салыстырғанда спортпен айналысатын мүмкіндігі шектеулі азаматтардың саны 13 пайызға артты.

Жастар санатындағы азаматтардың спортпен қамтылуы бойынша бүгінгі таңда 14-18 жас аралығындағы спортпен тұрақты шұғылданушы азаматтардың саны 45 940 адамды құрайды. Оның ішінде 151 жалпы білім беру мекемелерінде спортпен шұғылданушылар саны 33 107 адам болса, 24 орта арнаулы білім беру мекемелерінде спорттық секцияларға қамтылған жастар саны 5 728 адамды құрайды. Ал қаладағы 7 жоғары оқу орнында 7 105 студент спортпен тұрақты шұғылданушылар санатында.

— **Күпия болмаса, Шымкент қаласының спорт саласына жыл сайын қанша қаржы бөлінеді? Жылдық бюджет қаржысы қанша спорттық ұйымға қаралады?**

— Күпия емес, қаралатын қаржы ашық түрде бекітіледі. Жылдық бюд-

20 түрі бойынша оның ішінде баскетбол, бокс, еркін күрес, грек-рим күресі, волейбол, көркем гимнастика, дзюдо, каратэ, таеквандо, жеңіл атлетика, жүзу, үлкен теннис, үстел теннисі, футбол, қазақ күресі, футбол, шахмат, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектерге арналған үстел теннисі, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектерге арналған футбол спорт түрлері бойынша 213 спорттық секцияға барлығы 13 828 балаға ваучер берілді.

Жоба аясында 338 жаттықтырушы мен 200-ге жуық басқа да қосымша персонал жұмыспен қамтылды. Қазір қаланың Абай ауданында 36 спорт секциясы жұмыс істесе, Әл-Фараби ауданында 33 спорт секциясы ашылған. Еңбекші ауданында 39 спорт секция ашылған болса, Қаратау ауданында 58 спорт секциясы жұмысын бастады. Жаңадан құрылған Тұран ауданында ашылған спорт секциялары 47 бірлік болып отыр.

Мемлекеттік спорттық тапсырыс арқылы 2024 жылы 23 мың баланы спорттық секциялармен қамту көзделген. 2021-2022 жылдары және 2023 жылдың мамыр айына дейін мемлекеттік спорттық тапсырыс жүзеге асыру artsport.edu.kz (SoftDeCo ЖШС) платформасы арқылы жүзеге асырылды.

Биылғы жылдан бастап мемлекеттік спорттық тапсырысты жүзеге асыру платформасын анықтау мақсатында

Бұқаралық спорт бойынша бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу, спорттық секцияларды жан басына шаққандағы қаржыландыру жобасын іске асыру міндеттері іске асырылды.

Спорттық инфрақұрылымды дамыту санатында спорт залдарын, спорт алаңшаларын салу және спорт гимнасттарын жөндеу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану мүмкіндіктері қарастырылды.

Ал жоғары спорт шеберлігі бойынша спорт түрлерінен шеберлікті арттыру және спорт резервін дайындау, спортшылардың жарыстарда жоғары көрсеткіштерге жетуін ұйымдастыру, ұлттық құрама командаларының мүшелерін дайындау міндеттері іске асырылады.

Қаладағы спорт ұйымдарының әлеуетімен биыл бірқатар маңызды спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. Атап айтқанда, Шымкент қаласының заманауи атшабарының ашылуына және Наурыз мерекесіне орай қазақ күресі, бәйге, көкпар, жамбы ату, дәстүрлі садақ ату, асық ату, тенге ілу, аударыспақ және тоғызқұмал сыйды 9 спорт түрінен GREAT QAZAQ GAMES ұлттық ойындары өткізілді. Ұлттық ойындарға еліміздің өңірлерінен және шет елдерден жалпы 1000-нан аса спортшылар қатысты.

Қала мектептері арасында футбол, волейбол, баскетбол, шахмат сынды спорт түрлерінен қалалық жастар лигасы ойындары өткізілді. Спорттық жарыстарға қаладағы 151 жалпы орта білім беру мектептерінен 500-ден астам команда жасақталып, алты мыңға жуық бала қатысты.

Қала күні мерекесіне орай «Брусья FEST» спорттық бұқаралық фестивалі ұйымдастырылып, оған 400-ден астам тұрғындар қатысты.

Соңғы жылдары қаламызда көптеп салынған аулаішілік спорт алаңшаларының тиімді пайдаланылуын ұйымдастыруда «Аула чемпионаттары» бұқаралық спорт жарыстарын өткізу қолға алынды. Биыл алғаш рет өткен іс-шараның 23 айналымына 1 600-ге жуық балалар қатысты.

— **Мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына қаржыландыру жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтып өтсеңіз...**

— Қаламызда дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылардың үлесін арттыруда спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы қаржыландыру бағдарламасын іске асыруға 2023 жылға 2 323,0 млн тенге қаржы бағытталды.

Бүгінде мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына нормативтік қаржыландыру платформасында 115 кәсіпкер біліктілік іріктеуден өтіп, спорттың

қосымша алдағы уақытта тағы 6 спорт нысанының құрылысы қолға алынбақ.

Шымкент сити шағын ауданында көпфункционалды «Шымкент арена» спорт кешенін салу, Қажымұқан атындағы орталық стадионы реконструкциялау, жана футбол стадионының құрылысын жүргізу, 5 ауданда заманауи спорттық кешендерін салу сынды ірі жобалар бойынша құжат әзірлеу жұмыстары қолға алынып отыр.

— **Шымкент қаласы ірі спорттық байрақты бәсекелерді өткізетін орталыққа айналып келеді. Енді жергілікті спортшылардың жетістіктері жөнінде айтып өтсеңіз.**

— Дұрыс айтасыз, Шымкент қаласының республикалық маңызыға ие қала болуымен бізде беделді спорттық жарыстарды өз деңгейінде ұйымдастырып, өткізуге мүмкіндік туды. Қаламызда 23 спорт түрінен Қазақстан Республикасының кубоктары мен турнирлері өткізіліп, оларға 6 мыңнан астам спортшы қатысты. Халықаралық жарыстар санатында 11 спорт түрінен сайыстар өткізіліп, оларда әлем елдерінен келген 1 200-ден астам спортшы бақ сынады. Сондай-ақ қаламызда 27 бұқаралық спорттық іс-шаралар санатындағы жарыстар өтіп, оларда барлығы 17 мыңнан астам азамат физикалық дайындығы мен жеке спорттық шеберліктері бойынша сайысқа түсті.

Жоғары спорттық жетістіктер бойынша спортшыларымыздың биылғы жылдағы нәтижелері туралы айтар болсақ, қала спортшылары жекелеген спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаттарына қатысып, 504 — алтын, 401 — күміс, 465 — қола медаль жеңіп алды.

Азия чемпионаттарында қала спортшылары 77 — алтын, 61 — күміс және 49 — қола медальға ие болды. Осы кезең ішінде шымкенттік спортшылар әлем чемпионаттарында 18 — алтын, 20 — күміс, 17 — қола медальды жеңіп алса, Әлем кубогында 22 — алтын, 12 — күміс, 12 — қола медальға ие болды.

Минскте өткен II-ші ТМД елдерінің ойындарында Шымкент қаласы спортшыларының жетістіктері 1 — алтын, 2 — күміс және 6 — қола медаль болса, Қытайда өткен 31-ші Дүниежүзілік Универсиада ойындарында шымкенттік спортшылар 5 — күміс, 3 — қола медальға қол жеткізді.

Биылғы жылы қаладағы спорттық ұйымдар 2 — ҚР еңбегі сіңген спорт шеберін, 18 — халықаралық дәрежедегі спорт шеберін, 80 — Қазақстан Республикасының спорт шеберін, 255 — спорт шеберіне үміткер спортшыларды дайындады.

“

Қала мектептері арасында футбол, волейбол, баскетбол, шахмат сынды спорт түрлерінен қалалық жастар лигасы ойындары өткізілді. Спорттық жарыстарға қаладағы 151 жалпы орта білім беру мектептерінен 500-ден астам команда жасақталып, алты мыңға жуық бала қатысты.



лысатын азаматтардың санын жалпы халықтың елу пайызына дейін жеткізу, халықтың әрбір мың адамға шаққандағы көрсеткіштер бойынша арнайы спорттық инфрақұрылыммен қамтылуын үйлестіру, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын, онымен тұрақты шұғылдануға қарсы көрсетілімдері жоқ мүмкіндігі шектеулі адамдар қатарындағы ерекше қажеттіліктері бар халықтың үлесін арттыру, жастар санатындағы қала тұрғындарын спортпен қамту нысаналы көрсеткіштері белгіленген.

Жұмыс көрсеткіштерінің орындалуы туралы нақты деректерді келтіретін болсақ, былтырғы жылдың қорытындысымен Шымкент қаласындағы дене шынықтыру және спортпен жүйелі шұғылданушы азаматтар саны 498 852 адамды құрап, ол жалпы қала тұрғындарының 42 пайызына жетіп отыр.

Халықтың әрбір мың адамға шаққандағы көрсеткіштер бойынша арнайы спорттық инфрақұрылыммен қамтылу деңгейі бүгінгі таңда 59,9 пайызды құрап, Шымшаһардағы спорт инфрақұры-

жетіміз биыл 24 000,6 млн тенге болып бекітілді. Оның ішінде айлық жалақы қоры, 266 спортшыға қаралған ай сайынғы төлемдер, спортты жан басына қаржыландыру спорттық инвентарлар сатып алу, коммуналдық шығындар, спорттық іс-шаралар ұйымдастыру шығындары, тағы басқа шығындар бар.

Жылдық бюджет Шымкент қаласында әрекет ететін 33 спорттық ұйымның жұмысын ұйымдастыруға арналады. Осы спорттық ұйымдарға 18 мыңнан астам адам қамтылып, спорттың 74 түрі бойынша дайындық жүргізіледі. Оның ішінде 37-сі олимпиадалық спорт түрлері болса, 28-і олимпиадалық емес және 9-ы — ұлттық спорт түрлеріне жатады.

— **Шымкент қаласында 33 спорттық ұйым бар делініз. Осы ұйымдардың қызмет мазмұнын айтып өтсеңіз...**

— Қаламызда дене шынықтыру және спортты дамытудың 3 негізгі бағыты бойынша жұмыстар жүргізіледі. Олар бұқаралық спорт, спорттық инфрақұрылым, жоғары спорт шеберлігі бағыттары.

ЕҢБЕГІМЕН ЕРЛЕГЕНДЕР ЕЛЕНДІ

Қыркүйек айының соңғы жексенбісі – Еңбек күні мерекесіне орай Талдықорғандағы салтанат сарайында еңбегімен ерлеген жандарға ерекше құрмет көрсетіліп, шырайлы шара ұйымдастырылды. Облыстың әр аудан, қала, ауылынан арнайы шақырылған еңбеккерлерді құттықтауға облыс басшылығы атынан келген облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли өңір экономикасының әр саласында жоғары нәтиже көрсетіп жүрген озаттарды марапаттады.

Салтанатты жиынды ашқан облыс әкімінің орынбасары облыс экономикасының берік іргетасын бірлесе қалап, қажырлы еңбек үлгісін көрсеткен еңбек ардагерлері мен қазір де өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында, шағын және орта кәсіпкерлікте, өнер мен мәдениетте, денсаулық сақтау мен білім беру, әлеуметтік салада тер төгіп жүрген еңбеккерлер әулеттерін айрықша атап кетті.

– Еңбек қай кезде болса да еленуге тиісті. Адамның жетістікке жетуі, сол арқылы қоғамның бақуатты болуын қамтамасыз етуі әрдайым құрметтелуі керек. Кез келген еңбеккер жанның басты қасиеті – өзі жүрек қалауымен таңдаған кәсібін сүйіп, атқаратын ісін жауапкершілікпен қарап, мамандығына адалдық таныту. Жетісу өңірінде 700 мың халық болса, соның 300 мыңға жуығы экономиканың әр саласында шама-шарқынша еңбек етіп, өңірдің өркендеуіне, ел экономикасының еңсе тіктеуіне үлес қосуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Шын мәнінде, Әділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке бөленеді» деген болатын. Облысымызда ауыл шаруашылығын дамытудың, шағын және орта бизнесті қолдаудың іргелі бағдарламалары іске асырылуда. Кәсіби мамандар даярлау саласында сапалы өзгерістер жүзеге асырылып, дуалды білім жүйесі енгізілуде. Еңбеккерлерді әлеуметтік қорғаудың деңгейі көтеріліп, еңбек қатынастары туралы заңдар жетілдіріліп, кәсіподақтардың беделі нығаяды. Ел экономикасының қалыптасуы мен дамуына, Қазақстанның өркендеуіне аға буынның, өз ісінің нағыз мамандарының қосқан үлесі өте зор, – деген Рустам Әли



еңбегімен ерлеген адамдарды айтулы мерекеміз құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Жер ұйығы Жетісудан абыройлы ісі мен еңбеккерлігінің арқасында жас ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген 100-ге жуық Социалистік Еңбек Ері шыққанын да тілге тиек етіп, олардың есімі ел тарихына мәңгілікке танбаланып айты.

Мерекелік шара барысында әр салада жемісті еңбек еткен, білімді де білікті мамандар облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, алғысхатымен марапатталды. Бірінші кезекте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Еңбек жолы» облыстық байқауында жеңімпаз атанғандарға құрмет көрсетілді. Осы байқаудың «Ең үздік еңбек әулеті» аталымы бойынша жеңімпаз атанған Талдықорған қаласының тұрғыны, ұлттық дәстүрді дәріптеуші Әуесхан Мажайға 300 мың теңгенің сертификаты тапсырылды. «Ең үздік жастардың тәлімгері» аталымында жеңімпаз атанған Алақол ауданының тұрғыны, «Абдрахманов К» шаруа қожалығының басшысы Жайыл Әбдрахманов та 300 мың теңгенің сертификатын иеленді. «Ең жас кәсіпорын жұмысшысы» аталымында алдан көрінген Көксу ауданының тұрғыны «Жарқын» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Жарқын Бекзардың еңбегі де 300 мың теңгеммен марапатталды. Бұдан кейін әр сала бойынша үздік атанған бір әулеттен шыққан еңбеккерлерге кезек келді. Оларға алғысхаттар мен қаржылай сыйлықтар берілді.

Денсаулық сақтау саласы бойынша Шариповтар, құрылыс саласында елеулі еңбегімен танылған Кенжеовтар, ауыл шаруашылығында өзіндік қолтаңбасы бар Алпысбаевтар, құрылыс саласында Исмаиловтар, білім беру саласы бойынша Қыстаубаевтар, мәдениет саласы құрметке бөленген Қалибек әулетіне облыс әкімінің алғысхаты мен 200 мың теңгенің сертификаты табыс-талды. Сонымен қатар өз ісінің кәсіби мамандары атанған түрлі сала қызметкерлерінің еңбегі 100 мың теңгенің сертификатымен еленді.

Шара соңына таман сөз алған марапат иесі Жайыл Әбдрахманов ағамыз: «Дана халқымызда «Ердің атын еңбек шығарады» деген тәмсіл бар. Біздің осы күнге жеткеніміз – еңбектің арқасы. Мен қызметімді Алақол ауданындағы балық



комбинатынан бастадым. Зейнетке шыққанша осы салада табан аудармай қызмет істедім. Қазір отбасымызбен мал шаруашылығымен айналысамыз. Өскелең ұрпақ еңбекке бет бұрса, еліміздің экономикасы өсетіні анық. Сондықтан жастарды тәрбиелеуден ерінбейміз. Еңбегімді елеп, игі шара ұйымдастырып отырғандарға алғыс білдіреміз, – деді. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт марапат алған еңбеккерлерді құттықтады. Соңынан салтанатты шараға келген көпшілік назарына концерттік бағдарлама ұсынылды.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Кәсібилік пен еңбеккерлік қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбеккер адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды», – деді.



ЕҢБЕГІ АДАЛ ЕРЖАН

Саятхан САТЫЛҒАН

Бүгінде көне Тараз шаһарының көрнекі жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтар аз емес. Солардың бірі – «Жасыл Ел – Тараз» ЖШС-ның тұрмыстық қатты қалдықтар шығару учаскесінің жүргізушісі Ержан Құдайбергенов. Ол 1965 жылы Жамбыл ауданы Айша бибі ауылында дүниеге келген. Мектепте оқып жүріп-ақ темір тұлпар тізгіндеп, техниканың тілін ерте меңгеріп үлгерді. Сөйтіп, мектепті бітірген соң Түркістан қаласындағы техника мамандарын дайындайтын оқу орнында білімін шыңдайды. Оны үздік бітірген соң ауылына оралып, мектепте ұстаздық жолын бастайды. Сол аралықта ата жолымен қолына таяқ ұстап, кеңшардың малын бағыды.

Тәуелсіздіктің алтын таңымен жеткен азат күнде ауыл шопаны малшылықты қойып, Тараз қаласына табан тірейді. Бала кезден моторлы көлікке жақын өскен ол шаһарда алғаш ашылған «Таза қала» ЖШС-ның қызметкері болып жұмысқа орналасады. Өзі ісіне жан-тәнімен берілген Ержан Құдайбергенов бүгінде табан аудармастан күректей 20 жыл «Жасыл Ел – Таразда» мекемесінде еңбек етіп келеді.

– Кез келген жұмысқа немқұрайдылықпен қарау – табиғатыма жат дүние. Бала кезімнен көлікке жақын өскендіктен, сүйікті ісімнен бір елі аярағым келмейді. Адал еңбектің арқасында үлкен жетістікке жетуге болатынын білемін. Сондықтан талай жыл бойы тазалық саласында қызмет етудемін. Тынбай тер түгудің арқасында біраз нәрсе үйрендім.

Жамбыл облысы

Извещение о приобретении товара в рамках реализации

пилотного национального проекта в области образования «Комфортная школа» в городе Астана

ГУ «Управление строительства города Астаны» объявляет о намерении приобрести объект организации среднего образования (далее – Школа) как товара у их собственников в рамках второго механизма пилотного национального проекта в области образования «Комфортная школа», утвержденного Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 ноября 2022 года № 963 (далее – Национальный проект).

ЗАДАЧИ:

1. Ввод в эксплуатацию новых учебных мест в городе Астана для покрытия текущего и прогнозируемого дефицита учебных мест;
2. Создание комфортной и безопасной образовательной среды в организациях среднего образования, вводимых в рамках Национального проекта.

КРИТЕРИИ К ШКОЛЕ:

1. **Первичное целевое назначение:** объект организации среднего образования или школы;
2. **Месторасположение:** город Астана, район «Есил», на пересечении улиц Кабанбай батыра и Сығанак;
3. **Площадь земельного участка:** 1,71 га;
4. **Мощность:** 1200 учебных мест (в 2 смены 2400 уч. мест);
5. **Начало строительства:** 2023 год;
6. **Ввод в эксплуатацию:** 2024 год;
7. **Техническое описание:** техническое, материальное оснащение и иные характеристики должны соответствовать требованиям Национального проекта (в т.ч. Приложение 4). Техническое состояние Школы по результатам независимой технической экспертизы, проведенной экспертными организациями, определенным местным исполнительным органом (далее – МИО), оценивается как «исправное» или «работоспособное»;
8. **Внеплощадочные инженерные сети:** подведение инженерно-коммуникационной инфраструктуры до земельного участка, на котором построен приобретаемый объект организации среднего образования, будет осуществляться местным исполнительным органом.

УСЛОВИЯ ПРИОБРЕТЕНИЯ ШКОЛЫ

1. **Стоимость:** определяется с учетом независимой оценки его рыночной стоимости и расчетной стоимости объекта, которая определена из расчета стоимости одного учебного места в аналогичной по проектной мощности организации среднего образования, построенной в рамках Национального проекта.
2. **Право землепользования:** долгосрочное право временного безвозмездного землепользования (аренды) в соответствии с Земельным кодексом Республики Казахстан.

ПРОЦЕДУРА ОТБОРА ОБЪЕКТА ОРГАНИЗАЦИИ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Потенциальным продавцам/собственникам, изъявившим желание участвовать в реализации Школы в рамках второго механизма Национального проекта, до окончания срока приема заявок необходимо отправить официальное письмо в адрес ГУ «Управление строительства города Астаны» с указанием предварительной стоимости Школы, сроков реализации, возможностей и условий реализации Школы (при наличии).

После, будут проводиться переговоры с потенциальными продавцами/собственниками объектов по существенным условиям, с учетом основных принципов бюджетной системы Республики Казахстан, заключение и исполнение Предварительного договора купли-продажи (при наличии) или договора купли-продажи объекта организации среднего образования.

В случае заключения предварительного договора купли-продажи объекта организации среднего образования до получения собственником правоустанавливающего и (или) идентификационного документов на вновь введенный в эксплуатацию объект организации среднего образования, будут учтены следующие существенные условия:

1. Проведение за счет средств МИО независимой экспертизы технического состояния объекта организации среднего образования после его ввода в эксплуатацию;
2. Проведение за счет средств МИО независимой оценки рыночной стоимости объекта организации среднего образования после его ввода в эксплуатацию;
3. Отсутствие авансовых платежей со стороны МИО;
4. Соответствие предполагаемого к приобретению объекта организации среднего образования требованиям Национального проекта;
5. Срок, в который стороны обязаны заключить основной договор купли-продажи объекта организации среднего образования, которая должна соответствовать плану ввода в эксплуатацию объектов организаций среднего образования, установленному в Национальном проекте.

Наименование организатора конкурса: ГУ «Управление строительства города Астаны».

Срок приема заявок: до 13:00 (местного времени) 23 октября 2023 года

Контактные данные: главный специалист отдела внедрения инноваций, аналитики отчетности и планирования в ГУ «Управление строительства города Астаны» – Борангаликызы Дильда, рабочий телефон: 8 (7172) 32-01-58, E-mail: d.borangalikyzy@astana.kz

Астана қаласында «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы

пилоттық ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тауар сатып алу туралы хабарлама

«Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашалағы № 963 қаулысымен бекітілген «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаның екінші тетігі (бұдан әрі – ұлттық жоба) шеңберінде орта білім беру ұйымының объектісін (бұдан әрі – мектеп) олардың меншік иелерінен тауар ретінде сатып алу ниеті туралы хабарлайды.

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Ағымдағы және болжанатын оқушы орындарының тапшылығын жабу үшін Астана қаласында жаңа оқушы орындарын пайдалануға беру;
2. Ұлттық жоба шеңберінде енгізілетін орта білім беру ұйымдарында жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру.

МЕКТЕПКЕ АРНАЛҒАН КРИТЕРИЙЛЕР:

1. **Бастапқы мақсаты:** орта білім беру ұйымының нысаны немесе мектеп;
2. **Орналасқан жері:** Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Кабанбай батыр мен Сығанак көшелерінің қиылысында;
3. **Жер учаскесінің ауданы:** 1,71 га;
4. **Қуаты:** 1200 оқушы орны (2 ауысымда 2400 оқу орны);
5. **Құрылыстың басталуы:** 2023 жыл;
6. **Пайдалануға беру:** 2024 жыл;
7. **Техникалық сипаттама:** техникалық, материалдық жаратандыру және өзге де сипаттамалар ұлттық жобаның талаптарына сәйкес болуы тиіс (оның ішінде 4-қосымша). Жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) айқындаған сараптама ұйымдары жүргізген тәуелсіз техникалық сараптама нәтижелері бойынша мектептің техникалық жай-күйі «Жарамды» немесе «Жұмысқа қабілетті» деп бағаланады;
8. **Аланнан тыс инженерлік желілер:** сатып алынатын орта білім беру ұйымының объектісі салынған жер учаскесіне дейін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізуді ЖАО жүзеге асыратын болады.

МЕКТЕПТІ САТЫП АЛУ ШАРТТАРЫ

1. **Құны:** ұлттық жоба шеңберінде салынған орта білім беру ұйымының жобалық қуаты бойынша ұқсас бір оқушы орнының құнын есептеуден айқындалған оның нарықтық құнын және объектінің есептік құнын тәуелсіз бағалау ескеріле отырып айқындалады.
2. **Жер пайдалану құқығы:** Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес уақытша өтеусіз жер пайдаланудың (жалға алудың) ұзақ мерзімді құқығы.

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ОБЪЕКТІСІН ІРІКТЕУ РӘСІМІ

Ұлттық жобаның екінші тетігі шеңберінде мектепті іске асыруға қатысуға ниет білдірген әлеуетті сатушылар/меншік иелері өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін мектептің алдын ала құнын, іске асыру мерзімдерін, мектепті іске асыру мүмкіндіктері мен шарттарын (бар болса) көрсете отырып, «Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ мекенжайына ресми хат жолдауы қажет.

Бұдан кейін, Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің негізгі қағидаттарын ескере отырып, елеулі талаптар бойынша объектілердің әлеуетті сатушыларымен/меншік иелерімен келіссөздер жүргізілетін болады, орта білім беру ұйымы объектісін сатып алу-сату шартын (бар болса) немесе сатып алу-сату шартын жасасу және орындау.

Меншік иесі жанадан пайдалануға берілген орта білім беру ұйымының объектісіне құқық белгілейтін және (немесе) сәйкестендіру құжаттарын алғанға дейін орта білім беру ұйымының объектісін сатып алу-сатуын алдын ала шарты жасалған жағдайда мынадай елеулі талаптар ескерілетін болады:

1. ЖАО қаражаты есебінен орта білім беру ұйымы объектісі пайдалануға берілгеннен кейін оның техникалық жай-күйіне тәуелсіз сараптама жүргізу;
2. ЖАО қаражаты есебінен орта білім беру ұйымы объектісі пайдалануға берілгеннен кейін оның нарықтық құнын тәуелсіз бағалауды жүргізу;
3. ЖАО тарапынан аванстық төлемдердің болмауы;
4. Орта білім беру ұйымының объектісін сатып алуға болжанатын ұлттық жобаның талаптарына сәйкестігі;
5. Тараптар ұлттық жобадан белгіленген орта білім беру ұйымдарының объектілерін пайдалануға беру жоспарына сәйкес келетін орта білім беру ұйымының объектісін сатып алу-сатуын негізгі шартын жасасуға міндеттенетін мерзім.

Конкурс ұйымдастырушының атауы: «Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі: 2023 жылғы 23 қазан сағат 13:00-ге дейін (жергілікті уақытпен).

Байланыс деректері: «Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ инновацияларды енгізу, есептілікті талдау және жоспарлау бөлімінің бас маманы – Борангаликызы Дильда, жұмыс телефоны: 8 (7172) 32-01-58, E-mail: d.borangalikyzy@astana.kz

Азия күнделігі

Өткен аптада XIX жазғы Азия ойындары салтанатты түрде ашылды. Дүбірлі додаға Азия Олимпиада кеңесі құрамындағы 45 елден 12 500-ден астам спортшы келеді деп күтіліп отыр. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал салтанатты шараның ашылуында Қазақстанның көк байрағын Шокман Ұлттық құрама капитаны Асланбек Шымбергенов пен биіктікке секіруден көшбасшымыз Надежда Дубовицкая ұстап шықты.

Азия ойындары:

ҚОРЖЫНЫМЫЗДА – 1 КҮМІС, 3 ҚОЛА

Көктем ҚАРҚЫН

Жазғы Азия ойындарында 8 спорт түрінен Париж Олимпиадасына жолдама беріледі және 40 спорт түрінен жүлделер сарапқа салынады. Сайыстың алғашқы күндерінде-ақ Қазақстан қоржыны олжамен толықты.

ЕЛЕНАНЫН ЖОЛДАМАСЫ «ЖОЛ АШТЫ»

Қазақстандық спортшы Елена Потепенко Азия ойындарында әйелдер арасындағы бессайыстан жеке жарыста 5-ші орынды иеленді. Осылайша, ол келесі жылы өтетін Париж Олимпиадасында өнер көрсетуге мүмкіндік алды. Соңғы кезеңге дейін Елена Потепенко жалпы есепте 8-ші орынға ие болды, бірақ мылтық атуда сәтті өнер көрсетіп, алғашқы бестіктен орын алды. Қазақстандық спортшының қорытынды нәтижесі – 1 340 балл.

– Мен осыған дейін айтқанымдай, Азиядағы катасудың бір мақсаты – Париж Олимпиадасына лицензия алу. Біздің спортшылар 8 спорт түрінен Олимпиада ойындарына жолдама алу үшін сынга түсіп жатыр. Елена Потепенконы жетістігімен



құттықтаймын және оған Парижде сәттілік тілеймін, – деп мәлімдеді Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев.

Көп ұзамай бессайыстан ерлер арасында бақ сынаған Георгий Борода-Дудочкин Париж Олимпиадасының екінші жолдамасын иеленді. Ұлттық құрама атлеті финалда 10-орынға тұрақтады. Ереже бойынша үздік бестікке кірген мемлекет жолдамаға иелік етеді. Георгий 10-шы болғанымен ол Жапония, Оңтүстік Корея мен Қытайдың бірнеше спортшысына есе жіберді. Бұл елден тек бір ғана адам лицензия алды. Тағы Қазақстан мен Таиланд атлетіне бір-бір жолдама берілді. Ал бессайыстан басқа спортшыларымыз, Кирилл Стадник 13-орынға, Павел Ляшенко 16-орынға, Темірлан Абдраимов 17-орынға табан тіреді. Жалпы есепте Қазақстан құрамасы – 4-сатыда.



уақытта алтынға күш саламын. Бұйырса, Париж төрінде жеңімпаз тұғырынан көрінуге тырысамын, – деді Абиба Әбужақынова.

Айта кетейік, Абиба Әбужақынова биыл акпанда Португалияда Гран-При бәсекесінде топ жарған (әйелдер арасында) тұңғыш қазақ дзюдошына айналған. Сондай-ақ ол – Отгонцэцэг Галбадрахтан кейін қазақстандық арулар арасынан әлем чемпионатында медаль алған спортшы.

Абибаның жеңісті жолын дзюдодан Мағжан Шамшадин жал-

ДЗЮДОШЫЛАР ТӨРТ МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕДІ

Ал дзюдошы Абиба Әбужақынова Азия ойындарында күміс жүлдегер атанды. Ол финалда 3 дүркін әлем чемпионы, 2018 жылғы Джакатадағы Азия ойындарының жеңімпазы жапониялық Нацуо Цунодаға есе жіберді. Абиба – әйелдер арасында дзюдодан сары құрлық ойындарының финалына шыққан Варвара Масяианадан кейінгі (1998 жылы) екінші спортшы. Ұлттық құрама спортшысы Ханчжоудағы алғашқы белдесуінде Филиппин спортшысын вазари әдісімен, сосын Солтүстік Корея палуанын ұтты. Ал жартылай финалда оңтүстіккореялық Ли Хек Енг ескерту алып, Әбужақыноваға жол берді.

– Негізі, бұл қарсыласыммен әлем чемпионатының ширек финалында кездескен едім. Азия ойындарында екеуіміз финалда жолығатынымды іштей сездім. Мен барлық қарсыласымға дайындалып келдім. Жарақаттан емделіп шыққаннан кейін алғаш медаль алғанымға қуаныштымын. Алдағы

растырды. Ол қола медаль жеңіп алды. Үшінші орын үшін күресте отандасымыз Тәжікстаннан келген палуан Мерзод Суфиевті жеңді. Жекпе-жек 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өтті. Ол бұған дейін ширек финалда Солтүстік Корея спортшысы Кванджин Чазни вазари әдісімен жеңді. Жартылай финалда Оңтүстік Корея спортшысы Ли Харимге жол берді.

Ал жарыстың екінші күні дзюдодан қыздар арасында 63 келі салмақта күрескен Есмигүл Қуялова Өзбекстаннан келген қарсыласын жеңіп, қола жүлдені иеленді. Белдесудің негізгі уақытында өзбек қызы базари ұпайымен алда тұрған, негізгі уақыттың түгесілуіне 8 секунд қалғанда Есмигүл әдіс жасап, таразы басын теңестіріп, қосымша уақытта қарсыласын айқын басымдықпен жеңді.

Женісті жолдың ізін суытпай дзюдо күресінен Абылайхан Жұбаназар да қола медаль иеленді. 81 келі салмақта белдесуге түскен Абылайхан жартылай финалда сүйек қарсыластарын айқын жеңген. Бірақ жартылай финалдық тартыста тәжікстандық Соман Махмалбековке есе жіберді. Қола медаль үшін тартыста өзбекстандық Мусо Собировты жықты.

Қазақстан қоржынына келесі медальді оқ атудан Никита Чирюкин салды. Ол оқ атудан 25 метрге жылдам атылатын тапаншамен сайыс финалында үшінші орынға табан тіреді. Ал алтын медальді қытайлық Ли Юхонг еншіледі.

ЕЛ РЕКОРДЫН ЖАНАРТТЫ

Сондай-ақ Азия ойындарында су спорты түрлерінен сайысқа қатысқан екі спортшы Қазақстан рекордын жанартты. Ел құрамынан Әділбек Мусин 100 метрге еркін есінен жүзден жарысқа қатысты. Финал сатысында ол мәреге жетінші болып жетті. Көрсеткіші – 49.10 секунд. Ал Аделаида Пчелинцева 50 метрге брас әдісімен жүзу сайысында бақ сынады. Финалда Аделаида мәреге бесінші (31.04) болып жүзіп жетті. Осылайша, Қазақстан рекорды жаңарды. Сонымен қатар судобынан бірінші жарыста Қазақстан әйелдер құрамасы Сингапур командасын 9:5 есебімен жеңді.

Ал спорттық гимнастикадан Нариман Құрбанов ат үстінде жаттығу бойынша финалына шықты. Ал шахматтан Жансая Әбдімәлік пен Бибисара Асаубаева турнирдің алғашқы екі турында жеңіске жетті. Гандболдан әйелдер құрамасы топтық кезеңде Таиланд құрамасын 44:20 есебімен ұтты. Теннисшілеріміз де жарысты сәтті бастады. Бейбіт Жукаев жеке сайыстың екінші раундында Тәжікстан спортшысы Фируз Мухидиновті жеңді – 6:0, 6:0. Біздің екі команда ерлер арасындағы жұптық сайыстың екінші кезеңіне өтті.

САНАНЫ СІЛКІНДІРГЕН «ИРАН КОНФЕРЕНЦИЯСЫ»

Күні кеше қазақ театрының қоржыны тағы бір туындымен толықты. Алматыда «Шам» театрының ұжымы жаңа маусым шымылдығын «Иран конференциясы» атты қойылыммен ашты. Қойылым ресейлік драматург әрі режиссер Иван Вырыпаевтың «Иран конференциясы» пьесасына негізделген. Ал тырнақалды туындының режиссері, көркемдік жетекшісі – Фархад Молдағали. Премьерада елімізге белгілі өнер майталмандары бой көрсетті. Олардың қатарында Самал Еслямова, Еркебулан Дайыров, Асан Мажит, Зарина Кармен, Сағызбай Қарабабин, Ерлан Біләл, Дархан Сүлейменов және т.б. актерлер бар.



«Иран конференциясы» – адамзаттың заманауи мәселелеріне түрлі пікірлерді айқындайтын философиялық мәндегі көркемдік дәрежесі жоғары, салмақты қойылым. Конференцияға жиналған сегіз спикерден сегіз түрлі көзқарас мен толғанысты бағамдауға болады. Пікірлер бір-біріне қарама-қайшы болса да, әрқайсының өзінен мән-мағына таба аласыз. Сегіз спикердің талқылауында әлемге ортақ мәселелер қозғалады. Қойылым режиссері Фархад Молдағали «Иран конференциясының» біз өмір сүріп жатқан қоғам үшін маңыздылығын түсіндіріп өтті.

– Мен пьесаны алғаш рет оқыдым. Екі спикердің монологінен кейін пьесаның қойылымға айналарын түсіндім. «Иран конференциясы» – бізге керек шығарма. Маңызды жиын Дания елінде өткенімен, «Иран конференциясы» аталғанымен мұнда әлемге ортақ мәселелер талқыланады. Жаһандық деңгейдегі осындай мысалдарды көрерменге ұсынсақ деген ниетіміз еді. Қойылымда маңызды дүниелер өте көп. Қазір Ресей мен Украинаның соғысы, Түркиядағы жер сілкінісі, Иранда өршіп тұрған дін мәселесі, Еуропадағы оқиғалар сынды оқиғаларды көріп жүрміз. Мұндай қаттығар көбейген сәтте адамда іштей сұрақ туындайды. Осы өзгерістердің бәріне өзіңше жауап іздейсің, – дейді ол.

Сондай-ақ режиссер мұндай қойылымдар көрерменнің әлемдік мәселелерге деген жеке ой-пікірін қалыптастыруға мүмкіндік беретінін тілге тиек етті. Оның сөзінше, мұндай формалағы пьесалар елімізде жиі қойыла бермейді. Актердің кәсіби деңгейін өсіруде де қойылымның маңызы айрықша көрінеді.

– «Иран конференциясы» – нағыз дамыған актерлердің бір деңгейге жетіп, одан әрі келесі деңгейге өткісі келетіндерге арналған шығарма деуге болады. Өйткені мұнда сахнаға шыққан бір кейіпкер 15 минут, тіпті жарты сағат ішінде көрерменді

вакуумның ішінде ұстап тұруға тиіс. Бұл үлкен шеберлікті талап етеді. Ал шығармадағы кейіпкерлердің болмысын ашу үшін актердің құрамынан бірге жазырылған еңбек жұмсалды. Процесс оңай болған жоқ. Бұл жаңа драма болғандықтан, актерлер қанша талантты, тәжірибелі болса да сәл-пәл қиындығын туғызды, – дейді режиссер Ф.Молдағали.

Конференция жайлы аз-кем ақпаратпен бөліссек. Қойылымда шешімін табу күннен күнге күрделеніп бара жатқан қаттығыстардың себебі мен салдары баяндалады. «Бүгінде батыс әлемінде де, шығыс әлемінде де әртүрлі елдер бар. Бір-біріне мүлдем ұқсамайтын неше түрлі саяси және діни структуралар қалыптасып кеткен. Сондықтан әлемдік батыс, шығыс деп бөлу мүмкін емес. Біз бұл қаттығысты ең әуелгі екі түсінікпен тарқатар едік: бірі – «дін дәстүршілдік», екіншісі – «гуманистік рационализм». Бір ретте белгиялық әріптесіміз: «Екі күш күресіп жатыр. Алла мен кока-кола» деп әзілдеп айтып еді. Бұл – қалжың. Десе де, Шекспирдің Гамлетіндегі Полоний айтпақшы, «Бұл есуастық болса да, ақылға қонымды». Конференцияның алғы сөзі терең мазмұнға ие осындай пайымдаудан бастау алды.

«Шам» театры – қойылымдары қазақ тілінде қойылатын еліміздегі тәуелсіз шығармашылық ұжым. Бүгінде жас театрдың бір жылға жуық уақыт ішінде бағындырған белесі де жоқ емес. Солардың бірі, ticketon.kz сайтының нұсқасы бойынша өткен байқауда «Жыл спектаклі» мен «Жыл премьерасы» атты қос номинацияға ие болды. Естеріңізге салсақ, «Шам» театры былтыр күзде қазақстандық беделді актерлердің қатысуымен өткен «№37» премьерасымен тұсауын кескен еді. Бір жылда 14 мыңнан астам көрермен тамашалаған қойылымның көрсетілімі республикамыздың 10 қаласында аншлаптан өтті.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТЛШЛАЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4355

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46

e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aiqyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданады.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе оңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Айхан ШӘРІП